



АЗИЯДАҒЫ
ҚАУІПСІЗДІК –
ЖАҢАНДЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІҢ
НЕГІЗІ

2-бет



ТАБИҒИ ПАРК
АУМАҒЫНДА
ЗАҢСЫЗДЫҚҚА
ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

4-бет



БҰЛ НЕ МАСҚАРА!
ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ҚАЗАҚ
ТІЛІНЕ ҚАРСЫ ШЫҒАТЫН
ҚАНДАЙ МЕЙРАМХАНА?!

5-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№42 (1017) 17.10.2022 жыл



ҰРЛАНҒАН ЕЛ БАЙЛЫҒЫ ХАЛЫҚҚА ҚАЙТАРЫЛСЫН

ЗАҢСЫЗ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛГЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАШАН АЛЫНАДЫ?

СӨЗ бен СУРЕТ

...Сөйтіп, суретші Қазыбек әлдеқашан суреткер Қазыбекке айналды. Тек суреткер ғана емес... Арқалы ақын. Қарымды қайраткер. Қайсар қазақ. Ұлт жоқшысы. Халық қалаулысы. Тіл тілекшісі. Ақырып теңдік сұрап жүрген айбарлы азамат. Оның әр қырына кеңірек тоқталуға болар еді... Бұл туралы сәл кейін.

8-9
бет



3
бет

Жұртқа жаппай таратқан, ел байлығына иелік ететін құжат деп сендірген жекешелендіру купондары төмендегі қарапайым тұрғындарға тесік тиын да пайда әкелмеді. Көпшілікті алдаурату үшін таратылған кітапшаларды қазір еске алсаңыз ескі жараның аузы ашылып, ішіңіз удай ашиды. Түрлі өнімдер шығаратын қаншама зауыт-фабрикалар, бүкіл елді азық-түлікпен толықтай қамтамасыз еткен қуатты ауылдардың сырттан жау шаппай-ақ санаулы жылда жоқ болғанына қалай жаныңыз ашымасын. Мыңдаған ауыл шаруашылығы техникаларын, миллиондаған малды жекешелендіріп алғанмен сол пысықайлар өздері уәде еткендей осы бір аса қажет саланы дамытпақ түгіл өз деңгейінде сақтап қала алмады. Ондай ниет байлыққа тегін ие болғандарда атымен жоқ-ты.



ОРЫСША СҰРАҚҚА ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРГЕН ТҰҢҒЫШ МИНИСТР

Біздің билік тарапынан әзірге нақты шешім айтылған жоқ. Олар алдымен халықаралық келісімдерді алға тартып, орыстар уақытша келгендер деп халықты тыныштандырмақшы. Ал кейбір білгіштер осы шетел азаматтарының арасынан қазіргі Қазақстан өндірісіне аса қажет, техникалық, IT саласының мамандары болса ел экономикасына пайдасын тигізеді деп ақыл айтуда.

5
бет

МАШХУР ЖУСУП: НЕТЛЕННОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОГО ПРОВИДЦА

Лишь годы независимости дали возможность для изучения и возврата в культурное пространство страны наследие многих известных деятелей казахского народа. В советское время их не только предали забвению, но и целенаправленно уничтожали их произведения. Нередко лишь благодаря родственникам, близким, друзьям удавалось сохранить книги, рукописи от уничтожения.



ҰЛТ
ҰЛЫЛАРЫНЫҢ
ҰЛГІСІ

6-7
бет

10
бет

АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК - ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммитіне келген мемлекет басшылары мен ресми меймандарға алғыс білдіріп, қазіргі геосаяси сын-тегеуріндерге қарамастан, АӨСШК серпінді дамуын жалғастырып жатқанын жеткізді.

Арқа төсінде 12 елдің басшысы мен 50-ден аса делегация қазіргі кезде қалыптасқан бірқатар жаһан мәселесін талқыға салды. Қасым-Жомарт Тоқаев көлік транзит дәліздерін әртараптандырып, алыс-берісті арттыру, кеңестің қаржылық саммитін тұрақты жұмыс істейтін алаңға айналдыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кемеске мүше елдер арасында «жасыл дәліздер» ашудың маңыздылығына тоқталып, Қазақстан ұйымға төрағалық ету арқылы Азиядағы өзара сенім мен қауіпсіздікке бағытталған диалог



пен ынтымақтастықты одан әрі ілгерілетуге ниетті екенін білдірді. «АӨСШК құрылғаннан бері мүше мемлекеттер жоғары деңгейдегі бес кездесу мен алты министрлік кездесуін өткізді. Осы орайда Кеңес процесіне белсенді саяси қолдау көрсетілді. АӨСШК-ге әр жылдары Қазақстан, Түркия, Қытай және Тәжікстан төрағалық етті. Осыған дейінгі төрағалықтан кейін 10 жыл өткен соң Қазақстан қазіргі төрағалығында бірқатар өршіл басымдықтарды белгіледі. Бұл тұрғыда АӨСШК-нің

толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру ескеріліп отыр», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Осы орайда Мемлекет басшысы осы ұйымды мемлекеттердің мүдделерін өзара құрметтеу қағидаттарына бағытталған азиялық қауіпсіздік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыратынын атап өтті. «Азиядағы қауіпсіздік — жаһандық қауіпсіздіктің негізін құрайды», — деді Президент. Саммит қорытындысында АӨСШК трансформациясы жөніндегі Астана мәлімдемесі жарияланды.

ЖАҢА ТӘУЕКЕЛДЕР мен ҚАУІПТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ҚАЖЕТ

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қауіпсіздік саласындағы тұжырымдамалық құжаттарды қабылдады. Енді жаңа тәуекелдер мен қауіптерге ден қою үшін алдын алу шараларын жедел әзірлеуіміз қажет. Бұл туралы ТМД елдері басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

«Осы жағдайларда геостратегиялық шиеленістер бізден өзара сенімді нығайту, өңірдегі тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін одан да көп күш-жігерді талап етеді. Айта кету керек, ТМД-да күштік және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылының теңдестірілген

жүйесі құрылды. Қауіпсіздік саласындағы тұжырымдамалық құжаттар қабылданды. Сонымен қатар, біз жаңа тәуекелдер мен қауіптерге ден қою үшін алдын алу шараларын жедел әзірлеуіміз қажет», — деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан терроризм мен экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастықтың ұйымдық-құқықтық тетіктерін жетілдіру бойынша ТМД мемлекеттерінің бірлескен тәсілдерімен бөлісетіндігін айтты.

«Біз бүгін қабылданатын экстремизмге қарсы күрес бағдарламасының міндеттерін іске асыру бойынша тығыз үйлестірілген жұмысқа дайындығымызды білдіреміз», — деді ҚР Президенті.

Сонымен қатар Қ.Тоқаев

ТМД-ның бүкіл кеңістігінде су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы тәсілдерін әзірлеуді ұсынды. «Климаттың өзгеруі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының барлық дерлік елдерінде су ресурстарымен қамтамасыз ету проблемаларын ушықтырады. Біз бұл мәселемен түрлі халықаралық форматтар аясында айналысамыз. Екі жақты негізде өзара қолайлы шешімдерді іздестіреміз. Сонымен қатар, Достастықтың бүкіл кеңістігінде су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы тәсілдерін әзірлеу уақыты келді деп санаймыз. Сондықтан мен ТМД Ақарушы комитетіне трансшекаралық су ресурстарын тиімді және өзара пайдалану жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуді, енгізуді ұсынар едім», — деді Қ.Тоқаев.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІ ТӨМЕН

2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еліміздегі халық саны 19 666,8 мыңға жетті. Оның ішінде қалалықтар — 12 131,1 мың (61,7%), ауылдықтар — 7 535,7 мың адам (38,3%). 2022 жыл басымен салыстырғанда халық саны 163,7 мың адамға немесе 0,8%-ға өсті.

Дегенмен, республика халқының табиғи өсімі 2022 жылғы қаңтар-тамызда 2021 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда (178,9 мың адам) 3,6%-ға төмендеп, 172,4 мың адамды құрады. 1000 тұрғынға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 13,19 адам. АХАТ елдерінің жазбаларындағы мәліметтерге сәйкес, 2022 жылғы қаңтар-тамыз аралығында 263,8 мың сәби дүниеге келді, бұл 2021 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 11%-ға аз. Қарастырылып отырған кезеңде қайтыс болғандардың саны — 91,4 мың, бұл 2021 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 22,3%-ға аз (2021 ж. — 117,6 мың адам). 2022 жылғы қаңтар-тамызда республикада 1 жасқа дейін шетінеген 2208 нәресте тіркелді және 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 5,8%-ға кеміді

ҚАН ТАПСЫРУ — ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨМІРІН ҰЗАРТАДЫ

Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының қызметкерлері қан тапсырды. Аурухана баспасөз қызметі мәлім еткендей, донор күніне аталған медицина мекемесінің 62 қызметкері қан тапсыруға ниет білдірген екен. Қызметкерлер барлығы 22 литр қан өткізген.

«Аурухана донорлық қызметке белсенді қатысып келеді. Бұл шара бір жағынан ынтымақтастық пен ұйымшылдықты нығайту болса, енді бір жағынан қоғамның әл-ауқатын арттыруға қосқан шағын үлесіміз. Қалалық қан орталығының қолдауымен өткізілетін Донор күні біздің дәстүріміз деуге болады», — дейді Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруха-



насы бас дәрігерінің орынбасары Гүлнар Жантуова.

Қалалық қан орталығының донорлар жинақтау бөлімінің меңгерушісі Нұрәулет Әбдіқадыровтың айтуынша, қан тапсыруға ниет білдірушілердің қатары жылдан жылға көбейіп келеді. Бір адам тапсыратын 450 мл. қанның физиологиялық дозасы үш адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін. Сонымен бірге жүйелі қан тапсыру жүрек-тамыр жүйесін нығайтып, ағзаның өзін-өзі жаңарту қызметін қамтамасыз етеді екен.

Қ.ТОҚАЕВҚА ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ҮМІТКЕР КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

Орталық сайлау комиссиясы Қасым-Жомарт Тоқаевты президент сайлауына түсуге барлық талапқа сай деп танып, кандидат куәлігін табыстады. Бірақ жұмыс кестесі тығыз мемлекет басшысы өз қолымен құжатын алуға бара алған жоқ. Орнына қазіргі президенттің сенім бірдірген өкілдері келді.

Комиссия мүшелері халықтық коалиция атынан ұсынылған Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық құжаты сақадай-сай деп мәлімдеп хаттамаға қол қойды. Содан соң Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров кандидат куәлігін президенттің сенім бірдірген өкілі Ерлан Қошановқа табыстады. Қазіргі президент ретінде ол кейбір талаптардан босатылған. Қалған кандидаттар сынақтан бәрінен өтуі керек. Мысалы Жұматай Әлиев мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін дәлелдеп үш кезеңнен сүрінбей өтті. Комиссия оны барлық талапқа сай деп ұйғарым шығарды. Ал, «Мұқалмас» қоғамдық бірлестігінен ұсынылған Нұржан Әлтаевқа әзірге кандидат ретінде тіркеле алған жоқ. Өйткені



Әлтаевты ұсынған «Мұқалмас» қоғамдық бірлестігінің өкілдері кандидат хаттамасына қарсы болған.

«Жалпы 12 үміткер Орталық сайлау комиссиясына құжаттарын тапсырды. Біз өз кезегімізде құжаттардың сәйкестігін тексеріп, заңға сүйене отырып бүкіл жұмысты жүргіздік. Бүгін 3 үміткер талапқа сай болмай шықты. Тағы бір үміткерге сот ұйғарымы бар, оған қатысты шешім кейін шығады. Бұл жұмыс әлі жалғасып жатыр. Біз оны тексеруді тоқтату туралы шешім қабылдаған жоқпыз. Ал жалпы қалған бүкіл үміткерлердің сәйкестік мәселесін толық қарадық», — деді Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман.

АРАНДАТУШЫЛЫҚ АҚПАРАТТАР КӨБЕЙДІ

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі желідегі паракшасында соңғы кездері ашық арандатушылық бағыттағы, манипуляция ақпараттар көбейіп кеткені туралы жазды.

«Қазақстанда болмаған оқиғаны осы жерде болды деп көрсету, фейк ақпаратты таратудың түпкі мақсаты белгілі. Қазір елімізде өтіп жатқан халықаралық іс-шаралар мен

көптеген елдің лидерлерінің келуі, халықаралық деңгейдегі түрлі тарихи маңызды шешімдердің қабылдануы Қазақстан имиджіне оң әсер етері белгілі. Ал әлгіндей жалған, әдейі жасалған ақпараттық шабуылдар уыздай ұйып отырған ұлттың берекесін кетіру үшін әдейі жасалатыны анық. Сондықтан әсіресе, әріптестеріме әлеуметтік желідегі тексерілмеген ақпараттарға серік қарап, тек қана дәйекті мәліметтерге сүйенуін сұраймыз», — деп жазды министр паракшасында.

АСЫЛЖАН БЕКТАЙ — АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Қазақстандық зілтемірші Асылжан Бектай Бахрейн астанасы Манамада өтіп жатқан ауыр атлетикадан Азия чемпионатында 89 келіге дейінгі салмақта топ жарды.

Қызылордалық спортшы жұлқа көтеруде 165 келімен күміс медаль алса, кейін 197 кг. тасты серпе көтеріп, алтынға қол жеткізді. Жалпы есепте 362 келіні енсерді. Күмісті Асылжаннан небәрі бір келіге қалыптасқан кәсіпші Эмиль Молдовосов жеңіп алса, қола ирандық Масуд Шатраиге бұйырды. Осы салмақта сынға түскен тағы бір қазақстандық Кирилл Староверкин жалпы есепте 330 келімен жетінші орынға тұрақтады.

Асылжан 2017 жылы Бангкокте (Тайланд) өткен ауыр атлетикадан 17 жасқа дейін жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қола жүлдегер атанған. Ол 2000 жылы



Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. 7-сыныптан бастап ауыр атлетика секциясына қатысып келеді. Бұған дейін жасөспірімдер арасында екі мәрте Қазақстан чемпионатының және кубогының күміс жүлдесін иеленді. Ауыр атлетикадан ҚР спорт шебері. Айта кетейік, осыған дейін Манамада Зульфия Чиншанло жеңімпаз атанып, Арли Чонтей қола жүлдеге ие болған.

Әлемдегі дамыған елдердегідей заң мен әділеттілік үстемдік ететін демократиялық қоғам құру мақсатында бірқатар саяси және экономикалық реформалардың жариялануы жұрттың жылдар бойы жаншылған еңсесін көтергендей болды. Жемқорлық жайлаған қоғамда тұрмысы тым төмендеп кеткен қарапайым адамдар үшін әсіресе экономикалық реформалардың жөні бөлек. Өйткені экономика қатардағы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына бірінші кезекте тікелей әсер етеді.

болғанын мойындапты. Сөйтіп сот талап арызды қанағаттандырып, «НайзаБН» ЖШС жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлесті сату шартын жарамсыз деп тану туралы шешім шығарған.

Қаладағы шағын дүкендер мен ел жиі баратын супермаркеттердің көбісі әлеуметтік маңызы бар тауарларды ел арасында «оптовка» аталып кеткен осы көтерме базардан алып, үстінен ақша қосып саудалайды. Осыдан жарты жыл бұрын шамасында мұндағы мыннан астам сатушылар базар ішінде қолдан әділетсіз жасалған монополияға қарсы шыққаны телеарналардан көрсетіліп үлкен дау-дамайға

еліміздің экономикасын тіреп тұрмағаны белгілі. Мемлекет көлемінде бұл теңіздің тамшысындай ғана нәрсе. Ал еліміз бойынша заңсыз жекешелендірілген, мемлекетке салық төлеуден жалтаратын, жұмысшыларына мәрдымсыз жалақымен жұмыс істетін, өндірістігі техникалық қауіпсіздікті сақтамайтын кәсіпорындар жетерлік. Кезінде жаппай жекешелендіру кезінде ірі зауыт, фабрикаларды иеліктеріне алғанда өндірістік бағытты қатаң ұстанамыз, адамдарымызды жұмыспен, жалақымен қамтамасыз етеміз деп антсу ішкен пысықайлар өз уәделерін баяғыда ұмытқан. Бір ғана Ал-

• Дүбірлі дүние

БҰҰ РЕСЕЙДІ АЙЫПТАЙТЫН ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ

БҰҰ Бас Ассамблеясы басым дауыспен Ресейдің Украинаның 4 аймағын заңсыз аннексиялауы айыптайтын қарар қабылдады. Құжатты 143 мемлекет қолдап дауыс беріп, Ресей бастаған 5 ел қарсы шықты. Оның ішінде Сирия, Беларусь, Солтүстік Корея, Никарагуа бар. Тағы 35 мемлекет қалыс қалды. Қарар әлем елдерін Ресейдің референдум арқылы 4 аймақты қосып алуын мойындырмау және Мәскеуге шақыратындай оқшаулауды күшейтуге шақырады. 23-27 қыркүйек аралығында Ресей әскерінің бақылауындағы Украинаның Донбас пен Херсон және Запорожье облыстарында Ресейге қосылу туралы референдум өткізілгені белгілі. «Бүгін Ресей Украина аймағына басып кірсе, ертең басқа мемлекеттің аумағын жаулап алуы мүмкін. БҰҰ кез келген мемлекеттің шекаралары халықаралық құқықпен қорғалғанын қалайды» — деді АҚШ-тың БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Линда Томас-Гринфилд.



ӨЗБЕКСТАНДА ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕР ШЫҒАРЫЛАДЫ

Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев алдағы екі жылда электромобильдер шығаруды тапсырды. Өзбекстан басшысы электромобиль өнеркәсібін дамыту жобаларымен танысу барысында танымал үлгілерді шығару жолында тәжірибесі бар шетелдік компаниямен бірлескен кәсіпорын құру қажет екенін айтты. Сонымен қатар, электр тоғынан қуат алып жүретін көліктер тиісті инфрақұрылымның болуын талап ететіні атап өтті. Қазір елде бар болғаны 50 зарядтау станциясы бар. Олар негізінен Ташкент пен Самарқанда орналасқан. Электрмен жүретін көліктерге қызмет көрсету орталықтары жоқ. Осыған байланысты, алдағы екі жылда көлік тұрақтары, жанар-жағармай құю станциялары мен күре жолдарда 2 мың зарядтау станциясын орнату міндеті қойылды. Бұл станциялар жер салығы, мүлік және пайда салығын жеңілдетеді. Зарядтау станциялары бар кәсіпорындар электр энергиясын еркін бағамен сата алады.

СОЛТҮСТІК КОРЕЯ ТАҒЫ ЗЫМЫРАН ҰШЫРДЫ

Солтүстік Корея тағы алыс қашықтағы стратегиялық зымырандарды сынақтан өткізді. Бұл туралы осы елдің Орталық ақпарат агенттігі хабарлады. Қару Сары теңізге қарай ұшырылып, 2 мың шақырым жерге жетті. Сынақты осы елдің басшысы Ким Чен Ын өзі басқарған. Пхеньян шара зымырандардың қуатын арттырып, жетілдіру үшін жүзеге асырылғанын айтады. Солтүстік Корея жыл басынан осымен 20-шы рет зымыран ұшырып отыр. Өткен сейсенбі күні тағы Жапония үстімен алыс қашықтағы зымыран атып, Вашингтон мен Токио оны қатты сынға алған болатын.


2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

ҰРЛАНҒАН ЕЛ БАЙЛЫҒЫ ХАЛЫҚҚА ҚАЙТАРЫЛСЫН

ЗАҢСЫЗ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛГЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАШАН АЛЫНАДЫ?

Жемқорлықпен аяусыз күресіп, кезінде заңсыз жекешелендірілген кәсіпорындар мемлекет меншігіне қайтарылады дегенді естігенде халық алғашқыда өз құлағына өздері сенбей қалғаны да жасырын емес. Жердің үсті мен астындағы байлықты әкелерінен мұра етіп алғандай, жерке-дара иемденген біздегі жемқор байлардың отыз жыл бойғы халықты қанап, билеп-төстегеніне әбден көнбіс болған көпшіліктің көңілінде күдіктің туындауы да түсінікті. Сонау атышулы жекешелендіру науқанында ата-бабамыздан, әке-ағаларымыздан жеткен бар байлық билік басындағылар мен солардың айналасындағы пысықайлардың қолында кетті. Жұртқа жаппай таратқан, ел байлығына иелік ететін құжат деп сендірген жекешелендіру купондары төмендегі қарапайым тұрғындарға тесік тиын да пайда әкелмеді. Көпшілікті алдаурату үшін таратылған кітапшаларды қазір еске алсаңыз ескі жараның аузы ашылып, ішіңіз удай ашиды. Түрлі өнімдер шығаратын қаншама зауыт-фабрикалар, бүкіл елді азық-түлікпен толықтай қамтамасыз еткен қуатты ауылдардың сырттан жау шаппай-ақ санаулы жылда жоқ болғанына қалай жаныңыз ашыма-сын. Мындаған ауыл шаруашылығы техникаларын, миллиондаған малды жекешелендіріп алғанмен сол пысықайлар өздері уәде еткендей осы бір аса қажет саланы дамытпақ түгіл өз денгейінде сақтап қала алмады. Ондай ниет байлыққа тегін ие болғандар атымен жоқ-ты. Бәйрің сактып қалтасына басып, жатып алып рахаттанып өмір сүруді ғана ойлағандар кімнің көсегесін көгерте қойсын. Өз құлқындарының ғана қамын ойлағандардың қолынан өндірісті өркендету келмейтіні о бастан белгілі болатын. Соны біле тұра билік басындағылар халықтың бар байлығын тойымсыздарға таратып берді. Әрине, өздері де сырт қалмады, байлықтың қомақты бөлігін билік басындағылар иемденді. Қазір қалтасы қалыңдар шетел асып жырғап жүр. Қалғандары түк көрмегендей болып, әлі де лауазымды орындарды иемденіп отыр. Өз ұлттымы тонадым, өз халқымды қайыршы еттім, өз мемлекетімді әлсіреттім деген ой олардың санасына кіріп те шықпайды. Ыңғайы келсе әлі де өз халқын, өз мемлекетін тонаудан дәмелі. Бірақ бұл жағдай үнемі жалғаса беруі мүмкін емес. Әр нәрсенің шегі болады.

Соңғы кезде бірқатар реформалар жарияланған соң сірескен сең сөгіліп, қақаған аяздың беті қайтып, бір жылымық белгі бергендей еді. Соның көрінісіндей Алматыдағы ең ірі азық-түлік сататын көтерме базар мемлекет меншігіне қайтарылды деген хабар таратылды. Қаланың экономикалық саты өзден кешені қолына кезінде заңсыз өткен деген шешім шығарыпты. Тексеріс барысында нарықтағы бағасы 1 жарым миллиард теңге тұратын «Барыс-4» базары бар болғаны 307 миллион теңгеге сатылғаны анықталған. Алматы қаласы сотының баспасөз хатшысы Абай Жарылқасынның айтуынша талқылау барысында арызда келтірілген дәлелдерді сот растаған. Уәкілетті органның өкілі нысанды жекешелендіру кезінде мемлекет мүддесіне нұқсан келтіріп, аз шығынмен жүргізілгені, заңсыз өзара келісім талаптары



айналғанын жұрт жақсы біледі. Сауда орнының әкімшілігі белгілі бір азық-түлік тасымалдаушы компаниямен ауыз жаласып, солар жеткізген өнімдерден басқаны сатуға тыйым салған болатын. Сатушылар бұл бастық азық-түлік құнының шарықтауына жеткізді деп шулаған-ды. Мемлекетке кететін салықты әлдекімдердің қалтасына төлеп келгендерін де айтқан еді. Енді міне сол былыққа заңдық тұрғыдан да баға берілген секілді.

Халықтың көпшілігі күн көріп жүрген сауда орындарындағы жемқорлық пен өзге де заң бұзушылық елімізде жаппай орын алғанын байқау қиын емес. Сауда орындарын жалға беруде бағаны негізсіз көтеріп, қарапайым саудагерлердің қалтасын қағатын тойымсыз «кәсіпкерлерге» деген наразылық барлық аймақтарда айтылып келеді. Өз кезегінде тұрғындар тұтынатын азық-түлік және өзге тауарлардың бағасының көтерілуіне әкеліп соқтырды.

Алматы аймағында ең ірі базар саналатын «Алтын Орда» базарының басынан дау кеткен емес. Бұрынғы иесі белгісіз жағдайда қаза тауып, базар кейін Болат Назарбаевтың иелігіне өткені белгілі. Алматы облысының Қарасай ауданында орналасқан осы «Алтын Орда» базарының жалпы аумағы 180 000 шаршы метрден асады. Күніне мындаған адамдар сауда жасайтын алып базардың мемлекетке төлеген салығы күмән тудырып, тексеріс жүргізілгенде соңғы 7 жылда базарға иелік ететін екі кәсіпорын бюджетке небары 400 миллион теңгеге жуық қаржы аударыпты. Бұл миллион 500 миллион теңгеге дейін салығымен пара-пар екен. Қарасай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының мәліметінше, бұл нысанға Болат Назарбаевтың тікелей қатысы бар. «Altyn Orda Qaz Trade Ltd» ЖШС-іне 2014 жылдан 2021 жылға дейін иелік еткен. Алматыдағы қантар оқиғасы кезінде серіктестіктің жоқайыны өзгерген. Ал заңды белшесінен басқан бұл алып сауда орталығының мемлекет меншігіне алынар-алынбасы белгісіз.

Әрине, біз мысалға келтірген екі базар

маты қаласындағы тұрақты жұмыс істеген одақтағы ірі мақта-мата комбинаты, қаланы баспанамен қамтамасыз ететін Алматы үй құрылысы комбинаты, Ауыр машина жасау, Тұрмыстық электр бұйымдарын шығаратын зауыты сияқты алып кәсіпорындар жекешелендіруден кейін мүлдем жоғалат қетті. Қазір бұл кәсіпорындар фирмаларға сауда орталықтарына айналған. Оның иелері фирмалардың әрбір шаршы метрін қымбат бағаға жалға беріп, жатып алып ақша табуда. Осы ірі кәсіпорындарға тиесілі жұмысшыларға арналған жатақханаларын сатып жіберді. Өндірісті өлтіргендер шалқтық өзге тәуелді етіп қойды, енді шетелдіктердің тауарын қымбатқа сатып алып жатырмыз. Оған қоса миллиондаған адамдарымыз жұмыссыз қалды. Осының бәрін заңды жекешелендіруге жатқызамыз ба?

Президент тапсырмасымен Қазақстанда экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия құрылғанын білесіздер. (Президент тапсырма бермесе бізде ештеңе істелмейтіні белгілі). Үстіміздегі жылдың ектемінде өткен Комиссия жұмысы барысында телекоммуникация, теміржол инфрақұрылымы, медиа активтер және басқа салалардағы негізсіз жекешелендірілген нысандарды мемлекет меншігіне беру мәселелері қаралды. Ведомствонның хабарлауынша, комиссия құрамына сыбайлас жемқорлық қасқа қарсы іс-қимыл, қаржы мониторингі, бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерінің бірінші басшылары, Үкімет мүшелері, бас прокуратураның және «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері кіреді. Алғашқы отырыс қорытындысы бойынша, Әлихан Смайылов Қаржы министрлігіне уәкілетті мемлекеттік органдармен және «Самұрық-Қазына» АҚ-пен бірлесіп, бір апта ішінде Үкіметке негізсіз жекешелендірілген нысандарды мемлекет меншігіне беру тетіктері бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырған болатын.

Бір қарағанда комиссияның құрылуы құптарлық іс. Бірақ бұл құзырлы органның да жұмысы әдеттегідей айтарлықтай нәтиже бермейтін сияқты. Өйткені біраз уақыт өтсе де олардың қызметінің нақты оң нәтижесін әзірге көре қойған жоқпыз. Ал бұл бағытта атқарылатын жұмыс шашетектен екені белгілі. Бізде заңды қатаң сақтай отырып, ашық түрде жекешелендірілген кәсіпорындар бар ма? Алдында айтқанымыздай, ата-бабадан жеткен бар байлығынан айырылған халық бұған үлкен күмәнмен қарайды. Бар болса кұннің өзінде тек қана өздерінің қалтасын ғана ойламай, олар халықтың тұрмысын жақсарту мақсатында адал жұмыс істеп жатыр ма? Бұл басы ашық сұрақ. Ата заңымыз бойынша біздің басты құндылығымыз — адамдарымыз болып табылады. Олардың құқығы қатаң сақталуы керек. Жердің және оның байлығының да иесі сол адамдарымыз. Олай болса заңсыз жекешелендірілген барлық байлық көздері, оның ішінде ірі кәсіпорындар да мемлекет меншігіне қайтарылып, халық игілігіне қызмет етуге тиісті.

АҚЖОЛДЫҚТАР Қ.ТОҚАЕВҚА СЕНІМ БІЛДІРДІ

Астана қаласында «Ақ жол» демократиялық партиясының XIX құрылтайы өтті. Құрылтайға «Ақ жол» басшылығы, партия ұлттық кеңесінің мүшелері, өңірлердегі филиалдарының делегаттары, жастар қанатының мүшелері қатысты.

Құрылтайдың күн тәртібінде алдағы президенттік сайлауға партияның қатысуы, партия атынан түсетін үміткерді анықтау мен президенттік сайлаудағы бағдарлама мәселесі қаралды.

Жиынның ашылу рәсімінде сөз сөйлеген «Ақ жол» лидері Азат Перуашев құрылтайға келген барша делегаттарға алғыс айтып, күн тәртібіндегі мәселеге жіті тоқталды.

— Бүгін біз партияның кезектен тыс құрылтайына жиналдык. Шақыру туралы шешімді партияның Ұлттық кеңесінің президиумы биылғы жылдың 27 қыркүйегінде қабылдады. Өңірлерден өкілдік ету нормалары бекітілді, барлық филиалдарға тапсырылған конференциялар уақытылы өткізіліп, құрылтайға 126 делегат сайланды. Барлығы тіркелді. Кворум бар, — деді Азат Тұрлыбекұлы.

Партия төрағасының ұсынысымен құрылтай делегаттары алдымен жұмыс президиумын, секретариатын, мандаттық және есептік комиссиясын сайлады.

Дауыс беру нәтижесінде президиумға партия төрағасы Азат Перуашев, Дания Еспаева, Қазыбек Иса, Дмитрий Васильев, Ерлан Барлыбаев, ал, мандаттық комиссияға



Олжас Нұралдинов, Гүлмайса Шанбаева мен Қызылгүл Атығаева сайланды.

— Негізгі мәселе партиямыздың атынан президенттік сайлауға түсетін үміткерді анықтау. Шынын айтқанда, кешегі Ұлттық кеңестің отырысында пленум мүшелері бір келісімге келе алмады. Президенттік сайлауға қатысу мен үміткерді ұсыну туралы шешімді тек партия құрылтайы ғана қабылдайды. Партия құрылтайы қандай шешім қабылдап, кімді ұсынуды шешсе, барлығымыз бір атаның баласындай соған қызмет етуге тиіспіз. Ұйымымызға күш беретін ол — ауызбіршілік, — деген Азат Перуашев барша партияластарын құрылтай шешімін құрметтеп, қолдау жасауға шақырды.

«Ақ жол» басшысының айтуынша, президенттік сайлауға түсуге 6 кандидат өтініш білдірген. Оның бірі ірі кәсіпкер, партия мүшесі болмағасын ұсыныла алмаса, екеуі өз еркімен үміткерліктен бас тартты.

Нәтижесінде партия атынан алдағы президенттік сайлауға өзін үш бірдей кандидат ұсынды. Олар: ҚР Парламент Мәжілісінің VII шақырылымдағы депутаты Серік Ерубашев, «Время» газетінің тілшісі Сандуғаш Дүйсенова және «Ақ жол» демпартиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Асқар Садықов.

Құрылтай барысында үш үміткер өздерін таныстырып, президенттік сайлауға түсудегі мақсаттарымен, ой-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, әр өңірден келген құрылтай делегаттары да сөз алып, үміткерлерге қолдау көрсетті. Жиын барысында партия төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов те сөз кезегін алып, алдағы президенттік сайлауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдайтынын айтты.

— Біз жан-жағымызда қырғи қабақ соғыс боп жатқан аласапыран заманды өмір сүріп жатырмыз. «Иттің иесі болса, қасқырдың Құдайы бар» дейді дана қазақ. Осы уақытқа дейін бір Алланың қолдауымен аман жетіп келдік. Осындай қиы кезеңде бізге мықты дипломат басшы керек. Коалицияға мүше болу арқылы алдағы сайлауда қазіргі президенттің кандидатура-

сын қолдауға шақырамын, — деді Б.Дүйсембинов.

Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембиновтың пікірін әріптес, «Ақ жол» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Евгений Кинцель де қолдады. Алайда, партия өз құқығын сақтай отыра, алдағы сайлауда үміткеріне өз бағдарламасы мен өз ұстанымдарынан айнымай, саяси бәсекелестігін жүргізе береді.

Осы мәселеге қатысты партия төрағасы Азат Перуашев та өз пікірін білдірді.

— Коалицияны қолдау партия ұстанымдарына қарсы шығу емес. Керісінше, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көптеген ұсыныстары «Ақ жол» партиясының бағдарламасымен үндес. Мен үшін ең маңыздысы, мемлекетке қызмет ету. Президенттің «Мықты президент, ықпалды парламент, есеп беретін үкімет» қағидасының өзі біздің талай жылдан бері айтып келе жатқан ұстанымдарымызбен ұқсас. Президент тек бір партияға емес, бүкіл Ұлтқа қызмет етуі керек, — деді Азат Тұрлыбекұлы.

Қызу пікірталаспен соң партия басшысы Азат Перуашев бір шешімге келу үшін құрылтай делегаттарын жасырын дауыс беруге шақырды. Жасырын дауыс беруге 126 делегат қатысып, басым көпшілігі президент Қ. Тоқаевты қолдаған қоғамдық коалицияны жақтап дауыс берді.

«Ақ жол» демократиялық партиясының баспасөз қызметі

«АҚ ЖОЛ» «ҚАЗАҚТУРИЗМНІҢ» ТИІМСІЗ ШЫҒЫНДАРЫН ҚЫСҚАРТУДЫ СҰРАДЫ

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІНЕ

Қазақстан өзінің табиғи сұлулығымен туристердің үлкен назарына лайық. Туризм дамуының жарқын көрсеткіші елге келушілердің саны болып табылады.

2017 жылда «Kazakh Tourism «Ұлттық компаниясы» АҚ құрылды, оның негізгі мақсаты инвестицияларды тарту және келу туризмінің ағынын ұлғайту болып табылады, алайда қазірдің өзінде бар. Бүгінгі таңда инвестициялар ағыны қамтамасыз етілмеген, қолда бар көрікті жерлер әлі де жетілдірілмеген және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

Төмен деңгейдегі сервис, коқыс жәшіктері және дәретханалардың болмауы — қазақстандық көрікті жерлерге келетін туристердің басты шағымдары.

Елорданың айналасында демалыс күндері отбасыңызбен алыс емес жерге баруға болатын лайықты халықаралық қызмет пакеті бар бірде-бір туристік нысан жоқ.

Туризм индустриясы комитеті, Kazakh Tourism ұлттық компаниясы және туризмді дамытуға жауапты басқа да уәкілетті органдар немен айналысуда? Тым болмағанда соңғы 10 жылда қолда бар ұлттық құндылықтарымызды «гүлдендіруге» болмады ма?

Осы уақытқа дейін тубобъектілердің басым көпшілігі арқанды шлагбаумдардан басталады, оның жарқын мысалы: «Бұрабай» ұлттық паркі.

Алматыдағы Алма-Арасан ұлттық паркіне кіру қатарынан екі шлагбауммен байланысты, оған кіру

және шығу шарттарын жергілікті күзетшілер белгілейді. Тауларға баратындар үшін жол жабық, қоғамдық көлік, мысалы, ғарыш станциясына дейін (бұл тау шыңдарының басталу нүктесі) жоқ, сіз таң сағат 7-де тосқауылдардың жаңында тұрып, жалынып, келісуіңіз керек. Іс жүзінде барлық туристер, соның ішінде шетелдік туристер де осындай қызмет түрінен күйзеліске ұшырайды.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешуді және жалпы туристік саланы дамытудың орнына, ішкі туристерге балалар авиабилеттерінің құнын төлеуге мүмкіндік беретін kids go free операторының функциялары жүктелген Kazakh Tourism туроператорларға субсидиялар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер үшін 460 млн теңге шегінде комиссияларға үміткер бола отырып, өзін қарқынды дамыта бастады. Айта кету керек, бұл ұлттық компанияны ұстау республикалық бюджетке арзанға соқпайды. Есеп комитетінің Талдау нәтижелері бойынша 2023 жылға арналған бюджет шығыстары 1.7 млрд теңгені құрайды. Бұл қаражат туристерге тарту объектілерін нақты салуға жұмсалса игі еді.

Осылайша, өрттен зардап шеккен Алакөл туристік нысандары мүлдем назардан тыс қалып, мемлекет тарапынан қолдау таппады. Тольқтай жанып кеткен 4 демалыс базасы, олардың әрқайсысы миллиард теңгеге дейін Даму Арқылы несиеленген. Бұл жағдайда Kazakh Tourism қайда қарады? Неліктен ол табиғи апаттан өртенген туризм объектілері несиелер бойынша

төлеуді жалғастыратын жағдайларды назардан тыс қалдырады? Неліктен Kazakh Tourism ҚР Үкіметі алдында кредиттерді төлеуді кейінге қалдыру мәселесін қоймайды?

Сондай-ақ, Kazakh Tourism-нің туристік ағынның ұлғаюына тікелей әсер етпейтін іс-шаралардың қайталануына байланысты шығындарын 700 млн теңгеге қысқарту қажет.

Қазақстанның туристік әлеуетін арттыру мақсатында «Ақ жол» демократиялық партиясы келесі бағыттар бойынша жұмысты күшейтуді сұрайды:

1) барлық санаттардың, оның ішінде ұлттық, емдеу-сауықтыру, танымдық, тау-кен, аншылық және туризмнің басқа да түрлерінің халықаралық деңгейіне дейін арттыру;

2) Табиғи апаттардан зардап шеккен компанияларға салықтық демалыс беріп, несиелер бойынша төлемдерді кейінге шегіндіру қажет.

Үкімет туризмді дамытуға үлкен көңіл бөледі, туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы құрылды, түрлі субсидиялау бағдарламалары бар.

Бізге үлкен қонақжайлы мемлекетіміз бар, әсем таулар, кең байтақ даламыз, әдемі көлдер, Каспий теңізі бар.

Қоғамда халықаралық деңгейдегі туризмге біздің еліміз қашан жетеді деген сұрақ бар.

Құрметпен, «Ақ жол» фракция депутаттары



ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫНДА ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

Алматыдағы «Медеу» табиғи паркінің 20% жері заңсыз шығарылғаны рас па? «Ақ жол» фракциясының осы тиісті депутаттық сауалын Азат Перуашев жариялады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРОРЫ Б.АСЫЛОВҚА

Кеше белгілі заңгер Бакытжан Базарбек әлеуметтік желідегі парақшасында Алматы қаласы әкімдігінің бұрынғы басшылығы (Б.Сағынтаев) 2021 жылғы 25 маусымдағы шешімімен, қоғамдық талқылаусыз, Медеу мемлекеттік табиғат паркінің рекреациялық аумағынан (Бушамонов 22,5 га аумақты (4,8 га; 4,3 га; 5 га; 4 га; 3,5 га; 0,8 га) шығарып тастағанын хабарлады, бұл аумақта бірегей өсімдіктер мен жануарлар әлемі бар орман алқабы орналасқан. Яғни, Медеу табиғи саябағының барлық аумағының 20 пайызы, саябақ басшылығын ескертпестен, тұрғын үй құрылысы үшін берілген.

Б.Базарбектің ақпаратына

сәйкес, қазірдің өзінде құрылысқа арналған учаскелер бөлініп, нысаналы мақсаты өзгертіліп, құрылыс жобалары келісіліп жатыр. Автор (жер мәселесі бойынша беделді заңгер) бұл Экологиялық, Орман, Жер кодекстерінің талаптарын және Президент Қ.Тоқаевтың Алматы іргесіндегі Іле Алатауында құрылыс салуға тыйым салу туралы тапсырмасын бұзды деп есептейді. Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы бұл ақпаратты тексеріп, расталған жағдайда прокурорлық ден қою шараларын қолдануды сұрайды.

Құрметпен,
«Ақ жол» демпартиясы
фракциясының депутаттары

ОРЫСША СҰРАҚҚА

ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРГЕН ТҰҢҒЫШ МИНИСТР

Мәжілістің жалпы отырысында баяндама жасаған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі депутат Вера Кимнің орыс тіліндегі сұрағына мемлекеттік тілде жауап берді.



Бұған дейін Бас прокурордың кеңесшісі болып жүрген кезде белгілі тіл жанашыры Нұргүл Қарағойшина ҚР Президенті жанындағы Орталық Коммуникациялар қызметінде өткізген брифингте орыс тіліндегі сұрақтардың барлығына қазақ тілінде жауап берген болатын. Әрине, зандылықты қадағалайтын басты орган – Бас прокуратураның жауапты қызметкері осылай Конституция мен Тілдер туралы заң бойынша мемлекеттік тіл мәртебесін қорғады.

Екі-үш жыл бұрын сол кездегі Маңғыстау облысы әкімі Серікбай Тұрымов та Орталық Коммуникаци-

сұрағына Ресей тілінде жауап беретін Қазақстан министрлерін сынаушы едік. Енді міне, депутаттың орыс тіліндегі сұрағына Қазақ тілінде жауап берді Қазақ министрі Дархан Қыдырәлі!

Негізі қазақ министрінің, әкімінің, депутатының т.б мемлекеттік қызметкерлердің қай тілге болса да, қазақша жауап беруі қалыпты жағдай болуы керек. Ал біз қазақ министр орысшаға емес, қазақша сұрақтың өзінше жауап берсе, соған да қуанатын бейшара жағдайға жеттік! Ұлттық идеологиядан жұрдай болып өткен 30 жылдың қасіреті бұл!

Мемлекеттік тіл мүддесін – Мемлекет мүддесін қорғайтын осындай министрлер көбейе беруі керек!

Әділеттілікті қорғау – Әділетті Қазақстанның әр азаматының міндеті!

Қазыбек ИСА

ялар қызметінде өткізген ресми брифингте орыс тіліндегі сұрақтардың барлығына қазақ тілінде жауап беріп, мемлекеттік тіл мүддесін қорғаған болатын.

Ал министрдің орысша сұраққа қазақша жауап беруі Қазақ парламенті тарихында, жалпы Қазақстан тарихында тұңғыш рет болуы керек!

Бұрын депутаттың қазақша

БҰЛ НЕ МАСҚАРА!

ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚАРСЫ ШЫҒАТЫН ҚАНДАЙ МЕЙРАМХАНА?!

Мейрамханаларда мәзірдің қазақша емес екеніне қарамай, қарын тойдырып кете беретін депутаттар өз заңдарын өздері Астана тұрғыны Дана Қамазбектің айтуынша, «Чечил» пабы іс-шара қазақ тілінде болғаны үшін оны өткізуге рұқсат бермеген. Бұл туралы Ulysmedia.kz хабарлайды.

Бойжеткен әлеуметтік желіде зияткерлік викторина өткізгелі жатқанын және лайықты бөлме іздеп жүргенін жазған. Ол «Чечил» пабының ойын орысша емес, қазақша болғандықтан қарсы болғанына ашуланды.

– Басқа сылтау болса қарсылықсыз қабылдайтын едім, бірақ олар «қазақша болса, өткізуге қарсымыз» деп беттері бүлк етпей жауап берді. Бұл мемлекет пен халқын сыйламау ғой, – деп жазды ол.

Бұл не масқара! Қазақ елінде қазақ тіліне қарсы болатын қандай мейрамхана?!

Сонда Қазақстанда 30 жылда ит иесін танымайтындай заңсыз заманға жеткенбіз бе?!!

Быттыр парламент қабылдаған

барлық жерде, әсіресе, кафе-мейрамханалар мен сауда орындарында барлық көрнекі ақпараттар, мәзірлер қазақ тілінде жазылуы тиіс деген заң 9 айқын неге орындаламауда? Оның атқарылуын кім қадағалайды? Сол заңға кәсіпкерлік нысандарға тіл туралы заңның орындалуын қадағалайтын бап (бұрын болған, алып тасталған) ұсынғанда, сол кездегі ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин қарсы қорытынды жазып, өткізбей қойып еді. Экономика министрлігі (Әсет Ерғалиев) мен «Атамекен» ұлттық палатасы (Тимур Құлыбаев) келіспегендіктен осындай Үкімет қорытындысы шыққан. Үкімет басшысының қорытындысына қарсы «Ақ жол» фракциясы мүшесі, сол ұсынысты енгізген депутат Қазыбек Иса ғана қарсы болды да, көпшілік дауыспен қорытынды қабылданып, бақылау функциясы кірмей қалды...

«Қазақ үні» газетінде «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОБАЛЫ – ҚАЗАҚ ҮКІМЕТІНДЕ?» – деп жазғанбыз сол кезде.

Өткенде ғана Мәжілісте Конституция өзгерістер енгізуге байланысты баяндама жасаған Әділет министрі Қанат Мусинге: «Президент айтқан «ықпалды парламент» туралы өзгерістер қайда?»

– деп, ең басты мәселені төтесінен қойғанымыз да сондықтан еді...

Енді міне, былтыр «Көрнекі ақпарат туралы» заң шықты, бірақ орындалмай қатайды?!

Оны кім қадағалайды?

Мейрамханаларда мәзірдің қазақша емес екеніне бас қатырмай, қарын тойдырып шығып кете беретін барлық депутат пен министрлер, әкімдер мен жалпы мемлекеттік қызметкерлер өз заңдарын өздері аяққа таптағанмен бірдей!

Бұл әсіресе, Мәжілістегі 107, Сенаттағы 51 депутатқа тікелей қатысты!

Үкімет, Бас прокуратура қайда? Тұтынушылар одағы да қайрат танытуы керек!

Мемлекеттік тіл мүддесін, ұлт мүддесін қорғауға қоғам болып, бәріміз кірісуіміз керек!

Тіл күрескерлері Руза Бейсенбайтегі, Жұлдызай Форт, Жанар Жахат секілді қайсар ұлтшыл әпкелеріңдей Дана Қамазбек қарындасымызға да көп рахмет айтамыз!

Негізі біз бәріміз Мемлекеттік тіліміз табанға тапталып жатқан кез келген жерде дабыл көтеруіміз керек!

Қазыбек ИСА
Қазақ үні

MEMLEKET

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАСТАРЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Жаңа Қазақстанның болашағы – қазіргі уақыттағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Жасалып жатқан өзгерістер елді дамытуға, экономикасын көтеруге және жаңа мүмкіндіктерге үлкен жол ашап. Бұл тарихта қалатын үлкен өзгерістер болмақ.

Қазақстанның ұлы тарихын жана жетістіктермен және табысты жобалармен толтыратындар – жастар. «Отаны жоқтың – негізі жоқ» деп дана халқымыз бекер айпаған. Отанды сүю, оны көркейту біздің міндетіміз. Ал мемлекеттің тұрақты дамуының негізі жастар болғандықтан, еліміз жастар секторына ерекше назар аударады. Білім беру, жұмыспен қамтамасыз ету, баспана беру елімізде бірінші орында және осы тұста қолданатын тәсілдер үлкен нәтиже бермек. Жастарға түрлі салада білім беру және сол қызметтермен қамтамасыз ету бойынша көптеген бағдарламалар жүзеге асуда. Мысал ретінде, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елде білім алу, «Дипломмен ауылға» жобалары және әскери қызметке шақырту. Еліміз жұмыспен қамтып қана қоймай, сонымен қатар біліктілігін мен білімін арттыруға, мамандығын бірнеше рет ауыстыруға және де жаңа мамандықтарды игеруіне де көп көңіл бөледі. Сол себепті жыл сайын жастар арасындағы жұмыссыздық азая түсуде. «Өскелең ұрпақ әрдайым заман сұранысына сай бейімделуі қажет» деген еліміздің басты қағидасы бар.

Жаңа Қазақстан жастары – білімді, байсалды және озат. Біз – елдің тірегі, мемлекеттің ең белсенді бөлігі болғандықтан, кез келген уақытта еліміз үшін қолымыздан келген істен аянып қалмайтынымыз сөзсіз. Соңғы саяси жаңалықтарды жастардың қолдауы елімізге ауадай қажет.

Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру жастардың жауапкершілігінде. Біз алдыңғы буынның, айтулы тұлғалардың адал жолын лайықты жалғастыруымыз қажет. Себебі бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Ең әуелі жастар бойында, рухани адамгершілік, құқықтық тәрбие және Отанға деген сүйіспеншілік басым болу қажет деп ойлаймын. Ал ол үшін әр отбасы тәрбие беру мен отансүйгіштік қасиеттерінің дамуына ықпал жасау қажет. Жастар жас шыбық сияқты, оларды қалай исен, солай иілуге әзір. Сол себепті жастарды тәрбиелеу, ойы мен бойын түзеу, халық парызы.

Ұлы ақын, ұлағатты ұстаз Мағжан Жұмабаев айтпақшы мына қоғам «Арыстандай айбаты, жолбарыстай қайратты, қырындай күшті қанатты» жалындаған жастарға үміт артады. Ата-бабамыздың үмітін ақтау – ең басты борышымыз. Жаңа Қазақстан жастары ержүрек болуы қажет, бұл бізге қиын заманда әрбір кедергіні бұзып өтуге көмектеседі.

Жаңа Қазақстанның жастар қолдайды және мүмкіндіктерін пайдалана біледі. Алдағы уақытта жаңа ережелер

жазылмақ. Ол біздің еліміздің болашағына үлкен ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Бұл ережелердің барлығы Ата Заңымыздан басталады. Бұл – ұрпақтың мандайына жазылған заман ағымы, өз кезеңінің тынысы.

Халық жастарға сенеді. Ал жастар бұл сенімді қалай ақтауда? Қоғамда жақсы мен жаман бірге жүреді десе де, қазіргі қоғамның көп бөлігі рухани байлығы мол, таза ойлы, терең білімді және қайратты жастардан тұрады. «Ел боламын десен, бесіңді түзе» деген атам қазақ. Біздің ел үшін, дарынды да жігерлі ұрпақтардың орны қашанда бөлек. Жастардың сенім, жігері қару болса, онда талпынысы мен қадамы тіптен үлкен дүние. Халық, жастарды дұрыс қанаттай білсе, олардың шықпайтын шыңы қалмайды. Ел аузында жүрген үлгілі жастары, осы сөзіме тірі дәлел болмақ.

Денис Тен – еліміздің мәнерлеп сырғанаушысы. Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері. Азия ойындарының және Қазақстанның үш дүркін чемпионы. Қазақстанның туын әлем елдерінде талай рет желбіретіп, ел намысын қорғаған жас спортшы.

Жансая Әбдімәлік – шахматтан еліміздің намысын үлкен абыроймен қорғап жүрген қазақ қызы. Он төрт жасында гроссмейстер атанған. Ал гроссмейстер – шахматшылар арасындағы ең жоғарғы дәреже. 2012 жылы өткен жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған.

Зарина Дияс – Қазақстанның шебер теннисшісі. Қазақстанның бірінші ракеткасы атағын иеленген қазақ қызы. 2013 жылдың соңында WTA рейтингінде 163-ші орында болған Зарина бүгінде 32-ші орынға көтерілді. Және де бейбіт күннің батырлары атанған – Сұлтан Сармырзанов, Кәмшат Байғозы, Диас Әубәкіров, Асхат Мырзабаев. Адам өмірі өте маңызды деп есептеген бұл батырлар өз бағыт әрекеттері үшін мемлекет басшысынан марапат алған.

«Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жасаған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға үлкен үміт артады. Елдің қолдауына қарай біз, жастар да елді нығайтуға ат салыспақпыз. Тәуелсіздігі мәңгі, бейбіт елде өмір сүргенге не жетсін! Бұл тәуелсіздікті мәңгі ететін жастарды қолдаған елге не жетсін!? Сондықтан да Қазақстан – жаңа, рухани өркениеттің бесігі. Ал оны қолдап, қорғау – жастардың міндеті.

Аружан МҰРАТ,
№20 орта мектептің
11-сынып оқушысы
Алматы облысы,
Іле ауданы, М.Түймебаев
ауылы

ҚАЗАҚСТАНДА

МИНИСТРЛЕР ҚАНША ТІЛ БІЛЕДІ?

Қазақстанда бүгінгі таңда 19 министрлік бар. Ranking.kz компаниясы қазақ тілін меңгеру бойынша рейтинг дайындаған. Зерттеу нәтижесіне сәйкес екі ведомство басшылары қазақ тілін меңгермеген, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

Тіл меңгеру бойынша ғылым және жоғарғы білім министрі Нұрбек Саясат көш бастады. Министр жеті тіл біледі: қазақ, орыс, ағылшын, итальян, түрік, жапон және латын.

Екінші орынды сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мен мен ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров бөлісті. Олар бес тілден біледі екен.

Үздік үштікте ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан

Қыдырәлі, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова бар. Олар төрт тілден меңгерген.

Еңбек министрі Тамара Дүйсенова төрт тілді білгенімен, қазақ тілін меңгермеген. Сонымен қатар төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин де қазақ тілін білмейді.

19 министрдің 12-сі ағылшын тілін меңгерген.





Шымкент педагогикалық институтының қазақ филологиясы факультетінде оқыған біздер «Әдебиет таныу ғылымы әдебиет теориясы деп аталады» деп басталатын профессор Әбіш Байтанаевтың дәрісін ұйып тыңдадық. Ол кісі «Әдебиет теориясы» пәнін филология ғылымының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, ғалым Қажым Жұмалиевтің еңбектерінің негізінен бастап оқытып-үйретті.

дәрістен тыс нәрсе айтпақ болғанын ең алдыңғы партадағы кез-келген жан байқар еді. Мен сөйттім. Қолымдағы қаламсабымның бір ұшын аузыма сап тістелеген күйі, ұстазыма құлақ түрдім.

– ...Егер, катал тәртіптің қаһарына құрбан болған осылар құсап, репрессияға ұшырап, халық жауы атанбағанда, Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясын» әріден, Ахмет Байтұрсынұлынан бастайтын едік, – деп қалды да, жүзіндегі эмоциясын тез жиып, Әбіш ағай сабаққа сай тақырыбын одан әрі жалғастырып әкетті.

Қазақ фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеуде көп еңбек сіңірген, кезінде қырықыншы-елуінші жылдары аралығында қудалауды да басын кешкен Қажым Жұмалиевтей ғалымның өзінің есімімен жоғары оқу орнында ғана таныс бола бастаған білімгер жастар аудиториядағы оқытушысының жоспарлы лекциясының арасында өзіне-өзі елеусіздеу репликамен ауызына бір алып қана қойған адамды қайдан білсін.

ой-санасына енді «Бес арыс» деген атаулы ұғым дендеп еніп еді: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев. Саясаттың сайқал жүйесінен сансыз теперіш көріп, тағдырлары аянышты аяқталған ұлтымыздың бұл перзенттерінің артында қалған өлмес мұраларын мектеп оқушылары да қызыға, құныға меңгерді. Ұлы тұлғаларымыздың ғажайып ғұмырбаяндары мен тамаша туындылары қазақ тілі мен әдебиетінен алынатын жазба жұмыстарының, емтихандардың өзекті тақырыбына айналды.

Осы тұста сәл шегініс жасап, 1956 жылғы 30 маусымдағы КОКП Орталық Комитетінің жеке адамға табынушылықты және оның зардаптарын жою туралы қаулысына тоқтала кетейік. «КОКП Орталық Комитеті жеке адамға табынушылық пен оның зардаптарын жою жөнінде соңғы уақытқа дейін партияның жүргізген жұмысы қазірдің өзінде-ақ жақсы нәтижелерін берді деп санайды. Партияның ХХ съезінің

жүргізіп отырған жұмыс онан әрі қажырлылықпен жүргізілсін;

– Кеңес Одағының Конституциясында жазылған кенестік социалистік демократизмнің принциптері толығымен қалпына келтірілсін, революцияның социалистік заңдылығын бұзушылықтың бәрі ақырына дейін түзетілсін;

– алтыншы бесжылдық жоспардың міндеттерін практикада жүзеге асыру жолындағы күреске біздің кадрларымыз, барлық коммунистер және қалың еңбекшілер бұқарасы жұмылдырылсын, бұл үшін тарихтың шын мәнісіндегі жасаушысы - бұқараның творчестволық инициативасы мен жігері барынша өрістетілсін.»

Осыншалықты әшекейлі ойлармен көмкеріліп, «сұлу» сөздермен толтырылса да жоғарыдағы жылтырақ мәтін ресми құжаттық үлкен рөл атқарғандықтан, одақ құрамындағы елдердің талайлы тарихының тайғанақ тағдырын кеш те болса оң шешуге ықпал еткені рас. Дегенмен, КОКП-н ХХ съезінен кейін бізде С.Сейфуллин,

мәдениетке жасаған еңбектеріне дәлелдер жинақтауда арнайы құрылған комиссия мүшелері де, салақтық жасап немқұрайдылыққа бармаса да, олақтық танытқан шығар. Ақталуы тиіс адамдардың саны да жоғарыдан келетін «разнарядка» – тапсырыс бойынша белгілі бір мөлшермен шектелуі мүмкін. Не керек, арақидік бірді-екілі адам болса да, жалалы, налалы азаматтарының есімдері жуылып шайылып, тазарып, ептеп жарыққа шыға бастағанына қуанған біздіңдейін де асқан шыдамдылықпен өмір сүргені анық.

Желтоқсан көтерілісінде жоғары жаққа өткір азуын бір көрсетіп, дүниені дүр сілкіндіріп алған қазақ елінде, көп ұзамай, 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен 1930-1950 жылдары жазықсыз жазаланған қазақ зиялыларының тағы бір тобы ақталған: Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаханша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Құдайберген Жұбановтар

ҰЛТ ҰЛЫЛАРЫНЫҢ

Ол кезде әдебиетіміздің үш арысы атанған Сәкен, Бейімбет, Ілиястан басқа Алаш қайраткерлері сөз етіле жермейтін-ді. Бірақ бас салып жамандау да ішінара тыйыла бастаған сияқты мезгіл еді. Мұны біз ұлт әдебиетін, тарихын қозғайтын Әбіш ағайымыздың халық жауы атанып кеткен қазақ зиялыларының атына дақ жұқтырғысы келмейтін лекцияларынан да бағамдадық. Есесіне КСРО цензурасының шаш ал десе бас алатын жауыз қылышының қан сасыған пиғылын мұңкіте баяндайтын.

Сол лекциялардың бірінде Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Звезда» мен «Ленинград» журналдарына қатысты 1946 жылдың 14 тамызы күнгі атышулы Қаулысы туралы дерек келтірілді. Ресейдің Ленинград қаласынан басылып шығатын бұл екі көркем-әдеби журналдың бағытының дұрыс еместігін баса атап өтетін Қаулы классик жазушы Михаил Зошенко мен талантты ақын Анна Ахматованың шығармаларын іске алғысыз етіп тастайды. Орталық Комитеттің отырысында қабылданған Қаулы 21 тамызда «Правда» газетінде жарияланады. Екі апта өткенде Зошенко мен Ахматова Жазушылар Одағынан шығарылады. Артынша екеуінің де шығармалары қуғынға ұшырап, кітаптары дүкендерден алынып тасталады. Тіпті авторлар нан алатын карточкаларынан айырылады. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда әл-ауқатын нашарлатқаны былай тұрсын, екі ұлы қаламгерді әдеби өмірден аластап, күресінде тастаған қатыгез жүйе туралы дәрістік конспект дәптерімізге зуылдатып жазып алып үлгеріп жатқанымызда, профессор дыбыссыз тыныстап, терең күрсінетін. Ол кісінің осы күрсінісін пайдаланып, біз де қақпағым сәтке болса да демімізді бір алып қалушы едік. Бірақ үнсіздік көпке бармайды. Әдетте көзін жұмып алып, қағазындағыны тоқтамай жатқа соғатын Әбіш ағайдың сілтідей тынып, өзінен көз алмай қарап отырған студенттеріне

Қажым Жұмалиевтің 1938 жылы шыққан «Әдебиет теориясы» кітабы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінен кейінгі әдебиеттану терминдерін жүйелеуге арналған екінші талпыныс болғанын да кейінірек біле бастадық.

Өткен дәуірдің сексенінші жылдарының екінші жартысы ақандақ жылдардың құрбандары түгелдей дерлік ақтала бастаған жылымық шаққа ұласты.

Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылықтары мектеп бағдарламасына енгізілді. Еңбектері кітап боп шықты. Әдебиет пәнінде соларды толық қамтыған жаңа оқулықтар пайда болды. Бұрынырақта үш арыс - үш бәйтерегіміз деп Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндерді атап, мақтаншы еткен қазақ қауымы енді оларға қоса бес адамның есімін ауыздан тастамайтын болды. Иә, әдебиетсүйер оқырман ғана емес, бүкіл қазақтың

шешімдеріне сүйене отырып, КОКП Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарын мынаған шақырады:

– тарихтың жасаушысы, адамзаттың барлық материалдық және рухани байлықтарын жасаушы болып табылатын халық туралы, қоғамды қайта құру жолындағы революциялық күресте маркстік партияның шешуші рөлі туралы марксизм-ленинизм ілімінің аса маңызды қағидалары біздің бүкіл жұмысымызда дәйектілікпен сақталсын;

– партиялық басшылықтың лениндік принциптерін, ең алдымен жоғары принципті басшылықтың ұжымшылдығын барлық партия ұйымдарында, жоғарыдан төменге дейін, мейлінше қатан сақтау жөнінде, партиямыздың жарғаусында баянды етілген партия тұрмысының нормаларын сақтау жөнінде, сын мен өзара сынды өрістету жөнінде соңғы жылдары партияның Орталық Комитеті

О.Жандосов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров, О.Исаев, С.Меңдешев, Н.Нұрмақов сынды әділетсіз жаза көргендердің бірқатарының есімдері қайта атала бастайды да, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы есімдері көпке дейін жабулы күйінде қала берген.

Бодауындағы бүкіл одақты бір-ақ уысында ұстап, қарамағындағы халықтың тарихы мен әдебиетін, мәдениетін майлық-сулығы бірдей қолшоқпары ретінде қолданып, өз сойылын соғуда сойқан ойын ойнаған кенестік саяси жүйе ара тұра жұрттың көңілін аулап қою үшін осылай өзінің ұзын арқан, кен тұсауын бірде босаңсытып, бірде тартыпқырап отырған сыңайлы. Бәлкім бұған одақты мемлекеттердің ішкі самарқаулығы да сеп болуы мүмкін. Ақталуға тиіс азаматтардың құжаттарын зерттеп, ретке келтіруде, олардың мемлекет пен қоғамға, әдебиет пен

мен жоғарыда аталған Бес арысымыз жайлы мағлұматтар, өмірі мен қоғамдық қызметі туралы шындықтар шыңғыра айтылған материалдар баспасөз бетінде, бұқаралық ақпарат көздерінде кеңінен жария бола бастады. Әрқайсысының өмір жолы өнеге. Әрқайсысы бір-бір тұлға. Әрқайсысы дара. Дана. Сонысына қарамастан олар бір заманның төлі болатын. Бұл оларды бір-біріне жақындататын ұқсастықтары секілді еді. Тағы бір ұқсастықтары - өзгеше ойымен, асқан ақылымен, шексіз білімділігімен, ұлтын сүйгіштігімен социалистік жүйенің жебір жанарын аудартып, шоқындылардың шірік пиғылдарын шошытқан шоғырлы идеялықтары еді.

Ияластық кезгі қазақ зиялыларының бір-бірімен татулығын, бір-бірімен достығын қазір айтып жеткізу қиын. Олардың арасындағы кіршіксіз қарым-қатынас, идеяла пікірлестік, жақындық байланыс тіпті сонау Ресейлік патша үкіметі тұсынан қалыптасып қойған. 1905 жылдың 6-13 қарашасы күндері өткен Мәскеудегі жергілікті жер және қала қайраткерлерінің сиезінде Әлихан Бөкейханның сөз сөйлеп, ресми үкіметтің Ахмет Байтұрсынұлының қырық алты мысалын бастыруға рұқсат бермей жатқанын жеткізгені туралы ашық дерек бұл күнде бәрімізге мәлім. Ал енді, 1909 жылы «Қарқаралыда өкіметке қарсы әрекеттер жасады» деген айыппен Семей түрмесіне жабылып, екі жылға жер аударылған Ахмет Байтұрсынұлының сол уақытта Петербурда «Қырық мысал» жинағы жарық көріп жатады. Қарап отырсаңыз, мұндай қарама-қайшылықтар олардың өмірінде көптеп кездескен. Көп ұзамай Ахмет Байтұрсынұлы Орынборға келіп, өмірінің жаңа белесін, тың кезеңін бастағанда мерзім күнтізбесі бір мың тоғыз жүз оныншы жылдың тоғызыншы наурызын мензеп тұрған.

1912 жылы Орынборда «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба» еңбегі жарық көрген А.Байтұрсынұлының



ЖЫР-ҚАЛАМ мен
ҚЫЛҚАЛАМ

*Балдәуренде қиялдауды қоймаған,
Көз талдырдым мұнаралы мұнарға.
Мен бақытты шығармын деп ойлағам,
Бақыт жайлы жазған кезде шығарма.*

(Қазыбек Иса)

Біздің буын... КазГУ-ді ақындар алқалаған жылдар... Қалашықты жайлаған қаптаған шайырдың қатарына кешке қарай Жалаңтөстің жасағындай боп, КазПИ-дің жайсаң жігіттері бір бүйірден қосылатын. Жай жігіттер емес, өзегіне өлең қонған өрімдей жастар. Мұғалімдер институтының филфагында оқитын талантты тастүлектер Нұрлан Әбдібеков пен Қадырбек Құныпияұлының жанында көркемсурет-графика факультетінің болмысы бөлек сырықтай студенті Қазыбек Иса жүрер еді. Болашақ суретшінің өлеңіне дейін өзгеше-тұғын... КазПИ-ден құнара келіп жүріп, қалашықтың тұрғындарына әйгілі «Шыңғырлаудағы шырайлымды» жаттатты. Бірінші курста Светкали Нұржан «Көптен бері естімей сыңғырын жырдың, Алматыға сыя алмай шыңғырып жүрмін» деп екі жол өлең өрген-ді. Соны оқып, жаппай шыңғырып, шер тарқатып жүрген біздің қатарластарымыз енді «Шыңғырлаудағы шырайлымға» бас қойды.

*Самалға кешкі құмармын ескен,
Самалдан сені сұраймын.
Шынымен мені шығардың ба естен,
Шыңғырлаудағы шырайлым.*

*Шырқалған көкте жүр қалықтап ән,
Шынайы сүю – шын бақыт.
Шыңғырлау десе, шырмалып қалам,
Шыңырау ойға шым батып...*

*Тағдырдың салған тезіне көнем,
Жүрекке шапқан уы тік...
Көңілімді менің өзіне деген,
Кете алмас жылдар суытып...*

Кейін атақты бард ақын Табылды Досымов осы өлеңге арнайы ән жазды. Сөйтіп, екеуі ұлт ұғымындағы ақ махаббатқа, пәк сезімге, әдепті аруға, сол аруды өсірген өркенді өңірге елеулі ескерткіш қойды. Сол тұстағы жас жігіттердің жан-жүрегінің шырқыратқан Шыңғырлау сұлуының кім болғаны, оның біздің Қазыбектің жолында неғып жүргені, одан соңғы тағдыр-талайы тіпті де маңызды емес. Ен бастысы, бұл өлең біздің заманымыздағы алғаусыз таза көңілдің, мөлдір мұнның көрінісі еді. Жүзігі жүрегінде жүретін қағилез Қазыбек қалай болғанда да өлеңмен өрілген өзгеше өрнекті өмірге әкелді. Миымызға мөрдей басылып, әлі күнге дейін санамызда жанғырып тұрғанына қарағанда, бұл өлеңді бір ерес, қос Қазыбек жазған секілді көрінеді кейде. Ақын Қазыбек қолына жыр-қаламды алып, тереннен толғанып, одан әрі суретші Қазыбек қылқаламын оңтайлап, бедерлеп-бейнелей жөнелген бе дерсің... Мүмкін, бәрі де мүмкін, бұл көркем-өнердің құпиясы таусылған ба, сірә?!

Жалпы, әдебиет тарихында қалған суретші қаламгерлер аз емес. Көркемөнер саласында да азды-көпті қолтанбасы бар ағылшынның сөз зергерлері Уильям Блейк мен Уильям Теккерейді, француз жазушылары Виктор Гюго мен Антуан де Сент-Экзюпериді, орыс ақындары Владимир Маяковский мен Максимилиан Волошинді айтсақ та болар. Өзіміздің қазақ әдебиетінде де суретші қаламгерлер жетіп артылады. Әлібек Асқаров, Қайырбай Зәкіров, Құлтөлеу Мұқаш, Маралтай Ыбыраев, Ерсайын Жапак... Солардың арасында суретшілігінен гөрі суреткерлігінің жетегіне көбірек еріп кеткен Қазыбек Исаның жөні бөлек.

Сөйтіп, суретші Қазыбек әлдеқашан суреткер Қазыбекке айналды. Тек суреткер ғана емес... Арқалы ақын. Қарымды қайраткер. Қайсар қазақ. Ұлт жақшысы. Халық қалаулысы. Тіл тілекшісі. Ақырып теңдік сұрап жүрген айбарлы азамат. Оның әр қырына кеңірек тоқталуға болар еді... Бұл туралы сәл кейін.

Ең басты ерекшелігі – суретші шайыр екендігі. Тегінде қылқалам ұстап көрмеген ақынның өзі табиғатты керемет кейіптейді. Бірақ, суретті жыр тілімен салады. Айналаны әдіптейді, сай-саланы әспеттейді, тау-тасты танбалайды, жартасты сұлбалайды, шың-құзды бейнелейді, жұлдызды



СӨЗ бен

суреттейді. Соның бәрін өлеңмен өреді. Ал, Қазыбек тұмса табиғатқа кәсіби суретшінің көзімен зер салады. Алдымен пейзажының палитрасын әзірлейді. Сан түрлі бояудың ішінен өзіне қажеттісін таңдап алады. Қылқаламмен сызылған бедерлі бейнені көңіл көзінен өткізіп болып, жыр-қаламға ауысады. Сонан соң қамшыны басады дейсің. Жыр-қаламына да, қылқаламына да қанат бітеді. Еркін көсіледі. Кейде поэзия теориясындағы ептеген шарттылықтарға да пысықмайды. Негізгі мақсаты – көңіл көзіндегі суретті жоғалтып алмаса болды. Суретші ретінде көз жанарына сақтағанын жадына ретінде жүрегіне жазады. Дәлірек айтқанда, жүрегіне емес, жүрегімен жазды.

Суретші Қазыбек ақын Қазыбекке жөн сілтейді. Ақын Қазыбек суретші Қазыбекті қапысыз тыңдайды. Қос Қазыбектің шығармашылық одағынан қашан да тәуір дүние өмірге келеді. Ал, үшінші Қазыбек – еш-нәрседі шатағы жоқ азамат Қазыбек алдыңғы екеуінің арақатынасын тым алшақтатпай, тең ұстап отырады. Төрелік етеді, турасын айтады, томағасын алып, топқа салады.

Соның арқасында ақын Қазыбек те, суретші Қазыбек те әзірге мүлт кетіп көрген емес...

БОЯУ мен БЕЙНЕ

*Шалдықтырса шала ұйқылы түндерім,
Шақырады шаңқан сәуле бір нәзік.
Бақыт құсы қонбады ма, білмедім,
Бақыт жайлы жүрмін әлі жыр жазып...*

(Қазыбек Иса)

Сурет салуға бала кезінен-ақ зейіні ауды. Осы пәннен сабақ беретін Әбсаттар ағайының да ықпалы болмай қалған жоқ. Жалпы, біздің дәуірімізде қылқаламға құмартқан бала түрліше мінез танытатын. Бірі қарындашты қолға алып, баршаға белгілі «Ну, погоди!» мультфильміндегі қасқыр мен қоянның бейнесінен бастайды. Екіншісі ауылында мүлде жоқ, бірақ, өзі әлдебір суреттен көрген тау-тасты, өзен-көлді, сай-саланы акварельмен кейіптейді. Ал, үшіншісі аяқ астынан саяси сезімі оянып, пролетариат

көсемі Лениннің портретін оқушы дәптеріне тушыпен таңбалайды. Мұндай талпыныстар болашақ қылқалам шеберінің өнердегі тақырыптық бағыт-бағдарынан хабар беруі де мүмкін. Мәселен, қасқыр мен қоянды көп қаузаған өрен кейін мультипликатор суретші, табиғатты танытқан ұлан пейзаж шебері, ал, көсемді кескіндеген перзент саликалы саяси портрет маманы болуы көдік.

Ал, біздің кейіпкеріміз бұл үш жолдың ешқайсысына да түскен жоқ. Ол бір күні толғанып отырып, Махамбеттің суретін салды. Кәдімгі Жәңгірге қасқая қарап тұрып: «Хан емессің, қасқырсың, Қас албасты басқырсың» деп темсініп төгемі, ақырып теңдік сұрайтын Махамбет Отпенісұлының өзі. Әрине, бұл Махамбет бұрыннан оқулықта бар суретінен көшірді. Әйтпесе, ақынның түпбейнесін қапелімде қайдан алмақ?! Бәрібір оның Махамбетті таңдауында белгілі бір заңдылық бар секілді көрінеді. Көзсіз батырлығына, өршіл өткірлігіне, оған қоса асқақ ақындығына тәнті болған шығар. Кейін өзінің де ел Парламентінің мінберіне шығатын кезде:

*«Мандайын күнге күйдірген,
Табанын жерге тілдірген.*

Қайран ел, қазақ ақысын,

Қайтару үшін жүрмін мен...» деп өршелене ұмтылып, датын айтып, сөз сұрайтынына көрінген де...

Әйтеуір Махамбет образы оған салғаннан қатты ұнады. Арқалы ақын. Қайтпас күрескер. Қайсар қайраткер. Байрақты батыр. Адал дос. «Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда?» деп шамырқанып, шабуылға шығатын жалынды жорық жыршысы. Ақиық ақынның осы қасиеттерінің бәрі бәрі Қазыбектің алаң күйге түсірді. Оны Махамбет ішкі әлеміне терен бойлаты. Егер бүгін ол: «Ұстаған найза үкілі, Ұлымның қайда бітімі?» – деп ой толғаса, бұл байламның түп-негізі қайда жатқанын аңғару өсте қиын емес.

Әрине, Қазыбек тек Махамбет ақынның суретін салып қана қойған жоқ, оның жырларын да жата-жастана оқыды. Өлең өрімдерін үлгі тұтты. Қуатынан нәр алды. Ұлағаты мен ұстанымын жастай қанына дарытты. Махамбет – мінез дегеннің не екенін жатпай-тұрмай зерттеп-зерделеді. «Сырым да – осы,

жырым да – осы, алдында. Байқашы бір, бықсыдым ба, жандым ба? Махамбеттер жоқ, Махамбеттердің сарқыты – Мұқағали Мақатаев бар мұнда!» деп жыр әлемінің мұзбалағы Мұқан айтқандай, Қазыбек те сол тұста Махамбет поэзиясынан мейлінше сусындап үлгерген өрен еді.

Суретші болуына ықпал еткен тағы бір себеп бар-ды. Күш атасы Қажымұқаннан бастап тегеурінді тұлғалардың біразын тас тұғырға қондырған әйгілі мүсінші Тілеуберді Бинашев – осы ауданның перзенті. Біздің кейіпкеріміз Елтай деген марқұм досы екеуі сол Тілеубердіге о бастан жақын жүрді. Қазір де алыстап кеткен жері жоқ. Өнердегі орны бөлек асыл аға өзінің жолын жалғап, сол жолдың жанынан өз соқпағын салған ізетті інісіне үлгі бола білді. Талайға танымал текті тұлғаның қанына сіңген қарапайымдылық қасиеті Қазыбектен де табылса, бұл да олардың өзара ұқсастығы еді. Сөйтіп, ол алдымен өзі туып-өскен Шардара ауданының Қызылқұм ауылында бейнелеу өнерінің шығармашылық шеберханасында шыңдалды.

Қазыбек қолына қылқалам ұстағандардың дәстүрі бойынша Алматыдағы көркемсурет училищесіне түсуді ойлаған-ды. Бірақ, соның реті келмеді. Содан соң Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетіне құжат тапсырды. Бағы жанып, оқуға қабылданды. Бүгінгі бейнелеу өнерінің танымал шеберлері Токқожа Қожағұл, Жанұзақ Мүсәпір, Максат Бексұлтановтармен бірге оқыды. Армандары

о бастан-ақ үйлесетін еді. Енді қиялдары қосылды, тілектері тоғысты.

Суретшілік жолды қуғанда да, қылқаламымен қазаққа қызмет қылатын мықты майталман боларына дау-жок-ты. Бірақ, ол өнерден гөрі өлеңге көбірек бүйрек бұрды. Ал, өлеңді мектеп қабырғасында жүргенде-ақ жазды. Жас күнінен көркем сөзді кестелей білуге бейім-ді. Тек өлең емес, ауыл жаңалықтары туралы ірілі-ұсақты мақалалары бала біткеннің қаламын ұштайтын ұлағатты ұстаханасы – «Қазақстан пионерінде» дәмді-дәмді жарияланып жатты. Сол заманның дағдысы бойынша жас автор әр мақаласы жарық көрген сайын жер-жерден қап-қап хат алады. Белсенді тілші Қазыбек те хаттын астында қалды. Тоғызыншы класта оқып жүргенде бірден қырық бір хат келгені бар. Бұл хаттарды бір ұл, қырық қыз жолдапты. Біразымен бертіңге дейін байланысын үзбеді. Бір ұлыңыз – Қызылордада тұратын қазіргі белгілі ақын, журналист Дүйсенбек Аяшұлы. «Қырық кыздың ішінде, Барамысың көш бастап жүзгендей, сол бойжеткендер бірі Айман Зейнулина – қазір С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Ендеше, бұл – ақын Қазыбектің өзге әріптестерімен шығармашылық сабақтастығы тым ерте бастау алды деген сөз.

Қара шаңырақ – КазПИ-ге түскеніңің де пайдасын көрді. Филология факультетінде оқитын ақын жігіттермен жақынырақ араласты. Бір-бірімен үнемі шеберлік байқасты. Бірте-бірте өзге оқу орындарындағы шайырларды іздей бастады. Бір күні арман болған КазГУ-дің қалашығына жол тартты. Әдебиет ортаның қайнағанына жол бұл білім ордасы. Ақының көп әлемі. Солармен сыйластық оның өзін де, өлеңін де өсірді. «Шыңғырлаудағы шырайлымның» қалың жұртқа таныстырылуына сиқырлы қалашық жастарының септігі аз болған жоқ. Қазыбектің осы өлеңіне ән жазған бард-ақын Табылды Досымов сол тұста КазГУ-ға түскен төбе биіңдей болып, тереннен толғап, кеудесінен жыр саулатып отыра еді.

Сөйтіп, КазГУ-дің саз дауысты Табылдысына енді КазПИ-дің саз дауысты Қазыбекі қосылды...

ӨЛЕҢ мен ӨНЕР

*Күнменен күмістеліп күлкім де,
Күндей мұңлы күндер күнде өтеді.
Жалғыз ғана білетінім бұл күнде,
Бақыт деген байлық емес екені...*

(Қазыбек Иса)

Әу бастан өленнің қадірін білетін ардақты ағалары оның қабілет-қарымын жоғары бағалады. Мәселен, белгілі ақын Исрайыл Сапарбаев «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған шығармашылық жастар туралы көлемді мақаласында жас Қазыбекке ерекше назар аударды. Институтта өзінен жоғары курста оқыған Құдайберген Болатбаев шығармашылық ортасы қалыптасқан оқу орындарына жиі ертіп барды. Ал, біздің кейіпкеріміз елуге толып, елге есеп беруге жиналғанда жыр дүлдүлі, қарымды қайраткер Мұхтар Шаханов Шардараға арнайы келді.

«Кешіккенде менің муза-періштем,
Күттім шыдап, түспесін деп сөз құны.
Көру үшін көркемдікті келіскен,
Кемеліне келу керек көз нұры», — деп поэтикалық ұстанымын жариялаған Қазыбек Исаның өлендері ең алдымен сонау студент кезінде республика оқу орындарында білім алып жүрген қыз-жігіттердің жырларын топтаған «Аудитория» деген жинақта жарық көрді. Кітап шығарудың машақаты көп заманда «Аудиторияның» оқырманға ұсынылуы елдің рухани өміріндегі елеулі жаңалық болды. Студент ақындардың мұндай дүниесі

Даңғаз мен дақыртқа белсенбеймін.
Жалған тірлік барлығы, мен сенбеймін!
Сертім осы. Сенбесең, сенсен мейлің...», — деген тастай түйіннің мән-маңызы да осы байлам-байыптамамыздан алшақ кетпейді. Дей тұрғанмен, ақын тиянақты тұжырымын жасап қойса да, әлі айтарын айтып бітпейті. Жаңағы жырдың ұйқасын бұзбай, құйқасын қозғамай, жүлгесін тартып, жүйесін жалғаған соңғы екі жол былайша өрілген: «Бала күнді баяғы ансап жүрмін, Тек ауылға бір барып келсем деймін».

Міне, кара өлеңнің Қазыбегі өлең өлкесінде осылайша өрнек түзеді. Жыр әлемінде бақсыдай ойнайды ол. Кейде ой салады, кейде ою салады, кейде ойнақ салады...

Бәрібір ол өз көңілінде өлеңнен бұрын сурет салатын дағдысынан айныған емес. Қазақ өлеңінің теориялық талаптарына да, кәуілігі қисындарына да бағына бермейтін жекелеген шумақтардан алдымен сиядан гөрі бояудың иісі аңқып тұрады. Ол акварель ме, гуашь па, майлы бояу ма, маңыздылығы шамалы. Ең бастысы, мұндай ой үзіктерінің суретші көзімен әдіптелген, суреткер сөзімен әспеттелген жарасымды жыр кестелері екендігі. Қазыбектің мына өлеңі осы ой-пікірлерімізге тиянақ болмақ:

Қырға шықса, қырына алар ел несін,
Жиғызды жебей соққан жел де есін...
Көл айналған көкала үйрек қанаты,
Сусылымен басар көңіл пернесін...

Көріңгенде көркем тоғай әр талы,

ҚАЙРАТ пен ҚАБІЛЕТ

*Жарқыраса жаныңдағы жақұттың,
Қолда барды қадірсіз ғып қойған-ау...
Бақытсыздар көп ойлайды бақыттың,
Бақыт деген — бақыт жайлы ойламау!..*

(Қазыбек Иса)

Қазыбек ақын өмірдегі бел-белестеріне тактайдай тегіс жолмен жеткен жоқ. Титімдей кезінен тынбай тер төкті. Оқу бітірген соң өз ауылындағы мектепте мұғалім болды. Қоғамдық қызметте бақ сынады. Өзі қырсырын жақсы білетін жастар ұйымдарының бір сарынды қызметін үнемі сынға алды. Өз ойын билік мінберінен де, басылым беттерінен де ашық айтты. Аудандағы алпауыттармен айкасты, шаһардағы шонжарлармен шайқасты. Қысқасы, ол егемендіктің елең-алаңында басталған демократиялық үрдістерге ертерек бой үйретті. Ал, Тәуелсіздіктің таны атар тұста ақындық ортаны ансап, Алматыға аттанды. Әдетте, шайырлар басылымдарды жағалайды, баспаларды паналайды. Қазыбек те сол дәстүрден айнымай, бірқатар газет пен баспада қызмет атқарды. Ең ақырында, «Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған, Өзіме шақ көгілдір аспан алам» деп Мұхтар Шаханов ағасы айтқандай, тыннан тәсіл тауып, соны соқпақ салуға бел байлады.

Жаңа ғасыр басталған сәтте «Жас қазақ үні» газетін ақпарат айдынына шығарып, берекелі басылымның тұңғыш басшысы болды. Ұлт мүддесін көздеген бұл жоба өз мақсатына жетті. Қаншама жұрттың мұны жоқтады. Қаншама тағдырға араса түсті. Қазақ зиялыларының еркін ой бөлісетін, қызу пікір таластыратын мәртебелі мінберіне айналды. Ел алдында жүрген тұғырлы тұлғалардың кара сөзбен зерленген парасатты портреттері жасалды. «Жас қазақ үні» мейлінше ақиқатты айтатын, халықтың үнін билікке жеткізетін, тендікті талап етіп отыратын азулы басылым болып қалыптасты. Соның бәрі газет басшысы Қазыбек Исаның ұлағатты ұстанымының, батыл байламының, қарымды қадамының арқасында жүзеге асты. Бас редактор бір күні өзі басқаратын басылымды жас қазақтың үнінен бар қазақтың үніне ауыстыруды жөн санады. Газеттің атауы кейін «Қазақ үні» болып өзгерді.

Ақын Қазыбектің шығармалары жарияланудан кенде болған жоқ. Баяғы қолына қалам ұстап, өлең өрген бүкіл студенттің жырларын жинақтаған «Аудитория» (1984) кейінгі дүниелеріне жол ашты. Тағы бір ауқымды өлеңдер топтамасы «Тоғыз тарау» (1989) деген жинаққа енді. Ақыры, тұңғыш жеке кітабы «Керімсалды» (1995) оқырманға ұсынды. «Керімсал» «Қызыл жыңғылға» (2002) жалғасқан. «Қызыл жыңғылға» «Тәтті шөлге» (2008) ұласты. 2019 жылы «Сырымды айттым далаға» атты жыр кітабы жарыққа шықты. Жинақтарына әдемі әрі поэтикалық

аттарды таңдайды. Бәлкім, бұған әсемдік әлемін көре білетін суретшілік табиғатының әсері де бар шығар...

Жетістіктері жетіп артылады. Мәскеуде басылған «Независимый Казахстан: Антология современной литературы» (2014) деген жинақта бірнеше өлеңі жарияланды. Осы топтама себеп болып, 2014 жылы Ресей Халықаралық Жазушылар қауымдастығының Сергей Есенин атындағы сыйлығы — «Алтын күз» орденінің Қазақстандағы тұңғыш иегері атанды.

2017 жылы Моңғолияда Улан-Батырда өткен дүниежүзілік поэзия фестивалінің қатысып, Әлемдік ақындар конгресінің Құрмет ұлықтауымен марапатталды. «Әлем поэзиясы — 2017» (WORLD POETRY 2017 Anthology) антологиясында ағылшын тілінде өлеңі мен өмірбаяны жарияланды.

Бірқатар жыр мүшәйраларында топ жарды. «Тәтті шөл» кітабы үшін халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты (2008) атанды. Тәуелсіз мемлекеттің мәртебелі марапаттарына ие болды. Алыс-жақын елдердің жоралы жүделері де кейіпкерімізді іздеп тапты.

2018 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты халықаралық форумына қатысып, баяндама жасады.

«Қайран да менің қазағым,
Қайраңға салды-ау азабың.

Каныңда бар-ды қайсарлық,

Каныммен соны жазамын», — деп баспа сөзге де, дықан сөзге де өз пікірін асырып отырған Қазыбек Исаның ұстанымынан айныған жоқ. Оның кертінде сенімділігі мен байламына беріктігі қарымды қайраткер болып қалыптасуына жол ашты. «Ақ жол» демократиялық партиясынан Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайлануы — соның дәлелі.

Ол өңкей халық қауаулылары жиналған залда әліптің артын бақып, тыныш отыратын бетегеден биік, жусаннан аласа кейіпінен танбайтын, қой аузынан шөп алмайтын момақан депутат болған жоқ. Керісінше, мандаты қолға тиген күннен бастап зор белсенділік танытып келеді. Ұлт пен жұрттың тағдырына қатысты бірқатар мәлімдеме жасады. Үкіметке өткір сауалдар жолдады. Бұрын да сан мәрте толғаған туған тілдің жайын талай рет Мәжіліс мінберінен ашық та, ашына да айтты. Сөйтіп, қасындағы әріптестерінің шынайы құрметіне, қалың елдің ыстық ықыласына бөленді. Қайраткер ақын ағайын-жұртына: «Аласың күннен шуақты, Табасың жерден қуатты. Жетті ғой енді, сактай біл, Мұраға қалған мұратты...» деп тебіренсе тіл қатса, оның сайлаушылары шеірәтін рәйірін өз өлеңінің арнап: «Торғауыт кимей тоқсан көз, Торлаған бұлттар қауіпті. Толғатып елім тосқан кез, Толағай ұлдар тауыпты...» деп шынымен сүйсінді.

Өзін арнайы іздеп келген мұқтаж кісілердің жай-күйіне құлақ қояды. Көңілге түйгенді тиісті орындарға қол күні-ақ жеткізеді. Қарапайым халық Қазыбекті осы қасиеті үшін жақсы көреді, сондықтан өзге әріптестеріне қарағанда оған көбірек іш тартады. Депутат ақын жаз мезгіліндегі демалысында сайлаушылармен үнемі жүздеседі. Басқа қалаулылар кенсе-кенсені, ауыл-ауылды, қауым-қауымды жағаласа, бұл қарттар үйіне барып, қамкөңіл кісілермен кездеседі. Қарғаның миы қайнаған ыстықта шаруалардың мұң-зарын тыңдайды... Әйтеуір, тыннан жол табады. Сан рет тапталған ескі соқпақпен ілгерілегісі келмейді. Бәлкім, сонысы да дұрыс шығар. Кара қылды қажарған Қаз дауысты Қазыбектің қасиетті есімін тегіннен-тегін иеленіп жүр ғой дейсің бе?!

Сонымен, біздің дәуірдің мәрт мінезді, дара дауысты Қазыбегі биыл алпысқа толды... Жыр-қаламыңыз бен қылқаламыңыз қолыңыздан түспесін, қадірлі Қазке! Қаламгерлігіңіз бен қайраткерлігіңіз әрдайым қатар өрістей берсін!

Әй, осы баяғыда сурет салуды Махамбеттен бастағаныңыз бекер емес-ау...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
филология ғылымының докторы

СУРЕТ

жұртшылықпен қауышпағанына көп жыл өткен-ді. Сондықтан албырт ақындардың «Аудиториясы» ақындық өнерге жол ашқан мандат секілді еді. Сол мәртебелі мандаттың біреуі біздің Қазыбектің қолына тиді. Атап көрсетерлік жәйт, осы жинаққа өлендері енген бозбалалар мен бойжеткендердің дені қазақ поэзиясының шаңырағына уығын шаншып, әлі күнге дейін кара өлеңге адалдық танытып келеді.

Заманның кескін-кейпі, адамның болмыс-бітімі, ақынның көңіл-күйі Қазыбек Иса поэзиясында өзгеше мәнермен өрнектелді. Соның бәрі авторлық ұстаным, ақындық «мен» арқылы айшықталып айналады. Мәселен, ол айналасынан көрген-білгені мен тоқып-түйгенін салмақтай келіп: «Неменеге жетісіп жиі күлем, Өмір кешкім келеді бұйығы мен. Шаруа жасап жүрейін шағын ғана, Шайтан тірлік шаршатты күйігімен...» деп толғанса, енді бір сәтте жоққа жүйрік жетпейтінін жүрегімен ұғып, барды қанағат тұтып: «Құдай берген балалар, баспанам бар, Енді қандай өмірде басқа мән бар? Қара шайға қайғысыз қатық та бар, Іздегенің табылар тас қаламда әр» деп тәубесіне енеді. Онымен де шектеліп қалмай, жанына жайлылық сыйлайтын имани әлемнен ізгілік іздеп: «Желеу етіп, желікпей қаны азынды, Жазып жүре берсейші қағазыңды. Қүдіретті Құдайға құлшылық қыл, Қаза қылмай бес уақыт намазыңды» деп өзін де, өзгелерді де салиқалы сабырға шақырса, тағы да көңіл әуеніне беріліп: «Енді ешқайда бармаймын, шақырмандар! У ішкізіп, ұйыққа батырмандар... Жалған шаттық бір сәттік жарға итеріп, Айырылу не керек ақылдан бар?», — деп, тұлғаусыз тіршіліктен одан әрі оқшаулана түседі.

Әрине, мұны ақын Қазыбектің өз өмірінің белгі-бедері, өзгеше әсер-әрекеті ғана емес, кейбір сәттегі қоғам адамының ой ағымы, тұжырым-толғауы деуге болар. Қоғамдағы құбылыстарды салмақтап-саралай білетін Қазыбек шайырдың сол әсерінің бәрін тек өз жүрегінен өткізіп, өз басындағы ахуал ретінде ұсынуын өлең өнеріндегі тиімді тәсіл ретінде бағалаған жөн шығар. Жалғыздың үні десеңіз де, көптің дауысы десеңіз де сыятын, «Онаша бір күн кешіп көрсем деймін,



Лишь годы независимости дали возможность для изучения и возврата в культурное пространство страны наследие многих известных деятелей казахского народа. В советское время их не только предали забвению, но и целенаправленно уничтожали их произведения. Нередко лишь благодаря родственникам, близким, друзьям удавалось сохранить книги, рукописи от уничтожения.

Одним из непризнанных деятелей в советское время являлся знаменитый мыслитель, этнограф, историк, поэт Машхур Жусуп, чью могилу коммунисты додумались разрушить. Машхур Жусуп писал на нескольких языках – чагатайском, арабском, казахском, фарси и русском.

В настоящее время творческое наследие Машхура Жусупа Копеева занимает достойное место в литературе и обществе Казахстана, его труды изданы в 20 томах, некоторые из которых переведены на английский язык. В разное время оригинальные произведения М. Ж. Копеева входили в литературные хрестоматии, учебники и сборники казахской поэзии. Его глубокие исследования и предсказания вновь и вновь заставляют читателей обращаться к нетленному наследию казахского провидца.

О неразгаданном феномене Машхура Жусупа мы поговорили с Рашимом Кареновым, доктором экономических наук, академиком, автором книг, монографий и многочисленных статей.

— Рашим Саттарович, вы пишете о деятелях казахской культуры, в том числе об известном деятеле казахской культуры и литературы Машхур Жусупе. Чем вызван интерес к этой личности?

— Во-первых, заслужил уважение за то, что просвещал свой народ, как философ и филолог, владеющий несколькими языками. Во-вторых, ценили его и за то, что, как этнограф, он сохранил и передал историю полуторавековой давности. В-третьих, им восхищались как акыном, поскольку он с юности собирал произведения устного народного творчества, а позже составил уникальные родословные казахов-Шежире.

В-четвертых, он был ясновидцем, потому что предугадал множество событий, в том числе дату падения Советской власти в начале 90-х годов прошлого века. До сих пор невозможно предсказать то, что предсказатель заглянул в 2000-й год и назвал его благополучным для края. Действительно, в тот год урожай выдался рекордным после нескольких неудачных лет.

— Расскажите, где родился Машхур Жусуп, каким был в детстве и т.д.

— Не только в Казахстане известен Баянаул в Павлодарской области своими красивейшими озерами – Жасыбаем, Сабындыкелем, Торайгыром и Биржанколем.



МАШХУР ЖУСУП: НЕТЛЕННОЕ НАСЛЕДИЕ



Тысячи гостей приезжают сюда летом, чтобы отдохнуть на пляжах, побродить по причудливым горным ущельям, сделать фото на память у скалистых изваяний. Кемпиртас, Данатас, гора Голубь, ущелье ведьм – сотни легенд сложено об этих природных достопримечательностях в оазисе посреди бескрайних степей Казахстана.

И жившая здесь духовно развитая и богатая талантами община в XIX веке выдвинула немало крупных деятелей науки и культуры. Среди них, пожалуй, самым выдающимся был Машхур Жусуп Копеев, который родился в ауле Кызылтау в нынешнем Баянаульском районе Павлодарской области.

Необыкновенная одаренность этого человека была замечена в детстве. В ранней юности Копеев учился в медресе Хазрета Камара. В богословских школах давали не только основы теологии, здесь, как нигде в тюркоязычных краях, полно и цельно изучалась история зарождения и развития арабско-мусульманской культуры.

— Как богословие повлияло на молодого Копеева?

— Коран требует хотя бы для поверхностного знания своего усердия незаурядного зубрилы. Вроде и времени, и сил не отыскать для осмысления сути священной книги. Но начинающий богослов проявил не только усердие и пылливость. Критический ум Жусупа вбирает в

себя вековую мудрость и нравственное содержание Корана.

К восьми годам Жусуп прославился среди земляков чтением наизусть героических дастанов, причем ему достаточно было всего один раз прочесть какое-либо произведение, чтобы потом повторить его слово в слово звучным, необычайно певучим голосом.

На страницах 157-158 фотокниги «Родина Сатпаева» (Алматы – Павлодар: Жибек жолы, 1999) приводится интересный случай: «Восьмилетнего тещца, как гласит народная молва, однажды слушал старший султан Баянаульского округа Муса Шорманов, который был изумлен талантом ребенка и воскликнул: «Этот мальчик, если будет жив, то изумит мир своим необычным дарованием. Быть ему широко известным человеком!»

И с тех пор к имени Жусуп добавился эпитет Машхур, что означает «широко известный». Пророчество Мусы Шорманова сбылось. Между прочим, имя «Машхур» в переводе с арабского означает «славный, достойный, известный».

— Известно, что знакомство с русским востоковедом-тюркологом В. В. Радловым повлияло на формирование интересов Машхура Жусупа как собирателя казахского фольклора.

— Да, им собрано и опубликовано множество образцов устного народного творчества казахов. В 1872 году Копеев едет в Караоткел, Атбасар, Кызылжар. Здесь он собирает по крупницам и воссоздает произведения казахского устного творчества, изучает жизнь и быт народа. Мимо него не прошли незамеченными раздоры между родами и племенами, моральная спекуляция своим влиянием на душу рядового люда ходж и мулл.

Пережитое подталкивает Жусупа взяться за перо. Он пишет разоблачительные стихи, переполненные гневом и болью народной. В качестве примера можно привести следующие строки из стихотворения поэта «Чертов торг» («Поэты

пяти веков. Казахская поэзия XV-начала XX вв.»):

Все добро ходжи и муллы
тут же захватили
За скотину ту,
какой бедняков лишили.
Им казалось, что они,
не стараясь даже,
Все равно разбогатеют
от перепродажи.
На барыш одни решили
возвести мечети
И ишанами остаться,
Чтоб ловилась легче в сети
нищета людская,
Путь кривой благословляя.
Пользу извлекая».

В этом же 1872 году Копеев уже в бухарском медресе «Кокельдаш».

— Чем еще занимался молодой Копеев?

— Завершив учебу в медресе, Машхур Жусуп получил по его окончании высшее по тем временам мусульманское духовное образование. По возвращении в родные края из Бухары он учителем.

неравенства, свободы просвещения и свободы слова. Автора занесли в список неблагонадежных.

— Его преследовали власти?

— Копеев вынужден был в течение многих лет скрываться от ареста. Ташкент, Коканд, Поволжье, Урал. Здесь в одиночестве он продолжает постигать истину. К этому периоду его жизни относится стихотворение «Мое тайное путешествие».

М. Ж. Копеев возвратился домой только в 1915 году. Он был недоволен своей эпохой и обществом, в котором жил. Все эти чувства были выражены в его стихотворении «Мысли сердца». Машхур Жусуп с радостью встретил февральскую революцию 1917 года, известившей падение царского режима. Он приветствовал новшества, которые вводила советская власть в жизнь казахов.

В годы советской власти Машхур Жусуп принимает активное участие в работах обществ и организаций, занимающихся изучением материальной и духовной культуры казахского народа. Он систематизирует свои собственные записи.

— С его именем связывают много тайн, чудес и загадок.

— Да, много загадок таят в себе последние годы жизни поэта, особенно его смерть.

В 1930 году, ровно год до своей кончины, поэт пригласил родственников и близких друзей на поминальный ас по себе, объявил им, что проживет ровно 73 года. И необыкновенное случилось: в предсказанный день Машхур Жусуп умер. По завещанию его тело похоронили в специальной, заблаговременно подготовленной могиле, при этом ее не стали засыпать землей.

Тело провидца оставалось нетленным на протяжении многих лет после его смерти. Он сам говорил, что его тело сможет пролежать так 40 лет, просил только летом менять белый саван. Именно это удивительное явление привлекало сюда большое количество людей.

Известно, что тело поэта пролежало без разрушения в открытой могиле более 30 лет. Эта загадка вызвала у окружающих мистические чувства, его могила стала как святая, местом поклонения. Перед своей кончиной М. Ж. Копеев сам построил себе мазар, где нетленное тело пролежало до 1952 года.

Жители всех регионов республики стремились побывать в усыпальнице Машхура Жусупа, расположенной в урочище Ескельды поселка Жанажол (сейчас носит имя поэта) Баянаульского района. Врачи разводят руками, когда женщины, побывавшие в усыпальнице, беременеют после многих лет безуспешных попыток, а тяжелобольные избавляются от недугов, непосильных для традиционной медицины.

В начале 1950-х годов во время очередной кампании против антисоветских символов кто-то из партработников предложил уничтожить могилу мыслителя. Власть начала убеждать народ, что деятельность Копеева вредна и распорядились снести мазар. Его трактором сровняли с землей в глазах детей просветителя и всех родственников. Сельчане до сих пор рассказывают про навалившиеся после этого на трактористов

и двух рабочих, участвовавших в сносе мазара, беды. Они сошли с ума, а их потомков преследовали несчастья. Трагически сложилась и судьба партийного работника, издавшего указ.

В 1978 году по многочисленным просьбам мазар просветителя был восстановлен. А в 2006 году возведен мавзолеем, культовое сооружение, ставшее в один ряд с наиболее значимыми духовно-историческими памятниками Казахстана.

С тех пор сакральный объект еще более расширился. Теперь здесь есть гостиница для паломников и современный музей. К мавзолею ведет некрутая лестница из 73 ступеней. Поэтому, прежде чем подойти к святой могиле, путник пройдет эти 73 ступени, останавливаясь у каменных плит, на которых размещены изречения выдающегося ученого, — слова, дающие силы...

И до сих пор здесь больные излечиваются, обретают новую жизнь.

— **Чем известен Машхур Жусуп как этнограф?**

— Машхур Жусуп Копеев писал, что казахские устные песни причитания, загадки, айтысы составляют основу духовной истории, как



жанром казахских шежире, существовавших до этого времени в устной передаче. В этих источниках, как полагает мыслитель, центральным сюжетом стало освещение событий колониального проникновения России и связанной с ним борьбой казахского народа за национальную независимость.

Среди трудов поэта и ученого внимание также привлекает поэма о хане Абылае. Причем Копеев записал две версии данной поэмы, которые вращались в народе.

Знаменитый ученый-этнограф не поддавался влиянию ни западной, ни восточной традиции. В

«Рядом с недостигшим двадцати лет Абылаем все время был узбек-сарт по имени Оразак. Они пришли к родам атыгай и караул, которые кочевали по берегу Ишима, пасли там лошадей, был бай Даулеткельды, были у него конюхами. Когда у Абылая спрашивали: Как тебя зовут? — он отвечал: «Мое имя Сабалак!»

Первая половина 20-х годов XVIII века получила общее название в истории «Годы Великого бедствия». Эти события казахские шежире в интерпретации Машхура Жусупа Копеева описываются в книге «Ит дүние — Неустроенный

остатки Среднего жуза пришли в Сары-Арку и там обосновались.

— **Чем же отличаются шежире?**

— Содержащиеся в казахском шежире материалы более подробнее, чем какие-либо другие виды источников, передают дух и атмосферу первой четверти XVIII века. В ту пору знаменитыми батырами и военачальниками были: Каракерей Кабанбай батыр, Канжыгалы Богенбай, Алтыбай батыр, Ақтамберды батыр, Матай Шонкей батыр, Керей Жаныбек батыр, Еспембет батыр, Бори Акпантай батыр. «Дома у нас батыров много, но когда надо выступить в поход

ВЕЛИКОГО ПРОВИДЦА

шанырак, кереге и уык играют роль каркаса юрты.

Особой заслугой видного поэта и ученого является записанное им древнее наследие устной литературы. Оно нашло отражение во втором томе собрания сочинений М. Ж. Копеева: Екі томдық. 2-том. — Собрание сочинений в двух томах. Том 2 — Алматы; Гылым, 1992. Прежде всего следует назвать такие историкокультурные и этнографические материалы, как «Жар-Жар», «Беташар», «Келиншекке өсиет», Жоктау, «Ақ Бата» и др.

— **Какие исследования оставил как историк?**

— Безусловно, отдельного внимания заслуживают созданные М. Ж. Копеевым шежире (генеалогические родословные), представленные в его книге «Ит дүние» — «Неустроенный (Жесткий) мир» (Избранное. — Алматы: Международный клуб Абая, 2008).

Следует выделить следующие шежире (родословные): «Орта жүз шежіресі — Родословная Среднего жуза», «Хандар шежіресі — Родословная ханов», «Найман шежіресі — Родословная тобыктинцев», «Қанжығалы шежіресі — Родословная канжигалинцев», «Керей шежіресі — Родословная керейтов» и др.

Период истории XVIII и XIX веков стал переломным для казахов. Казахские источники при их тщательном анализе проливают много сведений на события истории казахов XVIII и XIX веков. Смысл изложенных М. Ж. Копеевым сведений в том, что в этот период согласия казахов на строительство казахских станиц, крепостей и укреплений русские колониальные власти добивались всевозможными средствами: путем военных захватов, подкупа знатных степняков за чины, подарками, жалованиями и даже путем прямого шантажа.

По данным исследований Машхура Жусупа установлено, что казахские источники XIX века значительно отличаются от источников XI-XIII века. По его мнению, они дополнены новым письменным

связи с этим Машхур Жусуп давался вопросом: «Нынче повествующие шежире переводят одни из китайской истории, другие от русских авторов. На сколько это оправдано и может быть достоверно для казахов?» Поэтому сам М. Ж. Копеев строго придерживался степной историологии, передавая источники в том виде, в каком их сам услышал.

— **Какие исторические данные об известных людях казахского народа в трудах М. Ж. Копеева?**

— Благодаря собирателю устного народного творчества до нас дошли исторические данные о казахских ханах, батырах и биях. Например, с начала XVIII века Казахское ханство известно правлением Тауке-хана (1688-1715 годы). В народных преданиях за ним признается заслуга умиротворителя. Он останавливает губительные междоусобицы и кровопролитие, продолжавшиеся в течение многих лет; он убеждает всех умом и справедливостью; он соединяет слабые роды вместе для сопротивления сильным, а сильных усмирил, и дал всем общие законы, по которым судил их.

